

АИНА

БАҒДАРЛАМА БАРЫСЫН БАЯНДАДЫ

2-бет

KÚN TÁRTIBI

БАЙЫПТЫ БАСТАМАЛАРЫМЕН ҚҰНДЫ

3-бет

ZERDE

ЕРЛІГІ МЕН ЕҢБЕГІ – ҰРПАҚҚА ҮЛГІ

4-бет

KELBET

РУХЫ БИІК ЖАН ЕДІ

6-бет

ТАҒАЙЫНДАУ

ЖЕЗҚАЗҒАНДА – ЖАҢА ӘКІМ

Өткен жұмада Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбек Жезқазған қаласының әкіміне жаңа әкімді тағайындады.



Облыс әкімінің өкімімен Президент Әкімшілігінің келісімімен ала отырып, қалалық мәслихат депутаттарының келісімімен Жезқазған қаласының әкімі болып Қайрат Әбсәттаров тағайындалды.

Қайрат Бектайұлы Әбсәттаров 1966 жылы 21 маусымда Қарағанды облысы Жезқазған қаласында дүниеге келген.

1990 жылы Қарағанды политехникалық институтын «Автомобиль және автомобиль шаруашылығы» мамандығы, 1998 жылы Ө. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетін «Экономика және өндірісті басқару» мамандығы бойынша бітірген.

Мәскеу қаласындағы «МИСЖС» ҰҒТУ-да оқыған. Іскери әкімшілендіру магистрі.

Әр жылдары автокөлік саласының өндірістік кәсіпорындарында, Жезқазған облыстық әкімшілігінде қызмет істеген.

1998-2003 жылдары – Қазақстан Республикасының стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің қызметкері.

2003-2006 жылдары – Қазақстан Республикасы ақпараттандыру және байланыс агенттігінде бөлім меңгерушісі.

2006-2010 жылдары – «Қазақтелеком» АҚ-ның атқарушы директоры, бас әкімшілік директоры.

2010-2012 жылдары – Қазақстан Республикасының байланыс және ақпараттандыру министрлігінде жауапты хатшы.

2012-2013 жылдары – Қазақстан Республикасы көлік және коммуникация вице-министрі.

2013 жылдың наурыз-қазаны – Қазақстан Республикасы көлік және коммуникация министрлігінің көліктік бақылау комитетінің төрағасы.

2013 жылы – Қазақстан Республикасы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі.

2015 жылы – Қазақстан Республикасы Премьер-министрі кеңсесінің өңірлік даму бөлімінің меңгерушісі.

2015-2018 жылдары – «Қазғазмөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның бизнесті қамтамасыз ету жөніндегі бас директоры – Басқарма мүшесі.

2018-2019 жылдары – «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ басқармасы төрағасының орынбасары.

2019 жылдың 25 сәуірінен Жезқазған қаласының әкімі лауазымына тағайындалғанға дейін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ басқарма төрағасының бірінші орынбасары болды.

Қала басшысы Қайрат Әбсәттаров қаланы жылы және электр энергиясымен, сумен қамтамасыз етуші кәсіпорындар, пәтер иелері кооперативтері қауымдастығы өкілдері, азаматтық белсенділер мен бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерін жинап, осындай мәлімдеме жасады.

Соңғы уақытта қызметі әлеуметтік желі мен халық арасында алаңдаушылық тудырған «Жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорны» АҚ Жезқазған жылу энергия орталығы, «Қазақмыс Дистрибушн» ЖШС Электр желілері кәсіпорны басшылары қатысқан жиында жылыту маусымына дайындық, қала өмірін қамтамасыз етуде апатты жағдайларды болдырмау, жедел әрекет ету мәселелері сөз болды.

– Бүгінде біздің қалада тұрғын үй-коммуналдық салаға қатысты бірқатар мәселелер бар. Солардың ішінде қысқа дайындық мәселесі көпті алаңдатып отыр. Біздің жылыту маусымына қаншалықты дайын екенімізді осы жерде бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуымен талқылайтын боламыз. Мен осындай жұмыс форматын таңдап отырмын. Қала халқы атқарылып жатқан жұмыстан дер кезінде хабардар болуы керек. Бұл Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасында міндеттелгенін білесіздер. Сондықтан, алдағы уақытта осындай ашық форматта жұмыс атқаратын боламын, – деді жиынды ашқан қала әкімі Қайрат Әбсәттаров.

Жиында Жезқазған жылу энергия орталығының басшысы Мадияр Алтыбаев, «ЖСЖК» АҚ бас инженері Геннадий Ким баяндама жасап, жиынға қатысқан қоғам белсенділерінің сұрақтарына жауап берді. Қоғам өкілдерінің сұрақтары Электр желілері кәсіпорнының басшысы Виктор Сотниковке де бағытталды.

Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Әбсәттаров сәрсенбі күні «Дидар» телеарнасының баспасз орталығында тікелей эфирден брифинг өткізіп, қаладағы эпидемиологиялық ахуал мен коронавирус инфекциясының таралуына байланысты енгізілген карантин шектеулерін әңгімеледі.

Жергілікті телеарна және әкімдіктің «Instagram» желісіндегі парақшасында өткен тікелей эфирде қала басшысы Қайрат Әбсәттаров карантин шектеулерін кезең-кезеңмен жұмсарту шараларымен қатар, ел аумағында енгізілген Төтенше жағдай режимі, карантин кезіндегі қаланың әлеуметтік-экономикалық өміріндегі өзгерістерге де кеңінен тоқталды. Сөзінің алкіссасын:

– 14 тамызда Жезқазған қаласының әкімі болып тағайындалдым. Бүгінгі күні қаланың хал-ахуалымен танысып, өзекті мәселелердің шешілу жолдарын қарастырып жатырмын. Қала әкімі ретіндегі алғашқы тікелей эфирімді «Карантиндік шектеулерді кезең-кезеңімен алып тастау және эпидемиялық жағдай» тақырыбында өткізіп отырмын. Тақырып өте маңызды және көпшілікті толандырып жүрген сұрақтар да баршылық, – деп бастаған Қайрат Бектайұлы карантин шараларын жеңілдету бізді бұрынғы кәсіпкерлерге ұрындырмауы керек екенін қателестіргендігіне айтып, бүгінгі күні қаламызда індетті жұқтырудың 1633 оқиғасы тіркелген. Жезқазған қаласында соңғы мәлімет бойынша 50 адам ауруханада ем қабылдап жатыр. Үй карантинінде 1421

Қайрат ӘБСАТТАРОВ:

«АШЫҚ ФОРМАТТА ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН БОЛАМЫН»

Алғаш болып баяндама жасаған ЖЭО басшысы М.Алтыбаев жылу орталығының қысқа дайындығы, атқарылып жатқан жұмыстарды тізіп өтті. – Бүгінгі уақытта стансаның жүктемесі сағатына 190 МВт-ты құрайды. Көмір қоры – 160 мың тонна, мазут қоры – 1390 тонна. Бұл – қор нормативінен артық көрсеткіш. Қазір 5 қазандық пен 4 турбоагрегат жұмыс істеп тұр. 2020-2021 жылдарға арналған жұмыс жоспары аясындағы жөндеу жұмысы барысында 2 қазандық агрегатты ағымдағы жөндеу, 1 агрегатқа кеңейтілген ағымдағы жөндеу жүргізілді. Қазір №8 қазандық агрегатты кеңейтілген ағымдағы жөндеу, №5 агрегатқа күрделі жөндеу жүргізіліп жатыр.

►► 2-бетте

АЛҒАШҚЫ БРИФИНГ

карантин шектеулеріне арналды



адам бар. Қазіргі уақытта төсек орын қорының жүктемесі – 92,7 пайызға дейін азайған (жалпы – 680 төсек орын).

– Туәліктік науқастау көрсеткіші бірнеше күн бойына 0,26 пайыздан аспады, бұл 100 мың халыққа шаққандағы көрсеткіш болып табылады. Бұл пайыз, республика бойынша 0,76 пайызды құрайтын ескерсек, біздің қаламызда жағдайы біршама түзірі екенін байқаймыз. Өкінішке орай, аурудың салдарынан біршама азаматтарымыз өмірден өтті. Көптеген отбасылар қара жамылып, қайғыға батты. Қайғыс болғандардың туыстары мен жақындарына шын жүректен көңіл айтамын, – деді қала әкімі.

Қала басшысы атап өткендей, екі ай бұрын ғана эпидемиологиялық ахуал аса ауыр болды. Жедел жәрдем қызметінде тәулігіне 370-тен астам шақырулар тіркеліп отырды. Бұл көрсеткіш бүгінгі күні 4 есеге азайды, қазіргі уақытта тәулігіне шамамен 87 шақыру тіркеледі. Осы індеттен емдеу үшін қала бойынша 3 госпитальдің жұмысы ұйымдастырылды. Соңғы уақытта науқастау деңгейінің төмендеуі себебінен 2 госпитальдің қызметі уақытша тоқтатылды. Бұл нысандар індеттің екінші толқыны орын алған жағдайда қызметтерін қайтадан жандандыратын болады.

– Індеттің екінші толқынына дайындық шаралары аясында бірқатар жұмыстар атқарылуда. Қаламызда заманауи 1 модульді аурухананың құрылысы басталды. Жоспар бойынша күз айларында бұл аурухана іске қосылады. Қаламызда жедел жәрдем қызметінің бригадалары 7-ден 9-ға дейін жеткізілді. Індетті анықтауға бағытталған тәстілеудің көлемі 3 есе өсті, – деді Қайрат Бектайұлы.

Осынау кезеңде медицина қызметкерлерін әлеуметтік қолдау шараларына ерекше назар аударылып, пандемиямен күресуге тартылып денсаулығы сақтау саласының 947 қызметкері ынталандыру үстемалықарын алған.

– 17 тамыздан бастап карантин шектеулері біртіндеп алынып тасталды. Бірақ, ол біздің босануымызға негіз болмауы керек. Сондықтан, көшеде бетперде тағып жүруге, әлеуметтік қашықтық сақтауға және көпшілік іс-шаралар өткізуден бас тартуға шақырамын. Сарапшылардың бағалауына, бұл ауру күз-қыс айларында қайта қозуы мүмкін, – деді қала әкімі брифингінде жасаған баяндамасында.

Осы ретте қала басшысы медициналық мекемелерді қажетті құрал-жабдықтармен жасақтау жалғасын жатқанын атап өтті. Бүгінде Жезқазғанда 17 жасанды тыныс алдыру аппараты, 163 отандық концентраторы, 135 пульсоксиметр бар.

►► 2-бетте

АЛТЫН ОРДА – 750

ҰЛЫТАУ – ҰЛЫ ДАЛА КЕҢІСТІГІНДЕГІ ТҮРКІ ТЕКТІ ХАЛЫҚТАРДЫҢ ТАРИХИ ӘРІ САЯСИ ОРТАЛЫҒЫ



Ұлы Дала – адамзат баласы жаралғаннан бері қилы-қилы заманалардың, әлемдік тарихтың өзесіне айналған небір айтулы оқиғалардың тұнба көзі болған кең байтақ кеңістік. Ұлытау – сол кеңістіктің кіндігі.

«Ұлытау» атауының мән-мағынасы мен топонимін түсіндіруге арналған төмендегі екі болжам ерекше назар аударта түрарлық.

Орыс зерттеушілері парсы және орыс жазба деректерінің негізінде «Ұрықта, Ұлықта» және «Ұлытау таулары» түркімонғол географиялық топонимінің аудармасының нұсқалары ретінде «Фулық тау» («фулық» – монғолдар мен түркілер де – «ұрпақ, туыс, ру, тайпа», «тау» – тау) және Жошы ұрпақтары үшін ерекше қастерлі Ұлытау, Алтын Орда хандарының жазғы жайлауы; Ұрықта, Ұлықта таулары – Тоқтамыс иеліктерінің оңтүстік-шығысындағы ең шеткі нүкте, естелік белгі Ұлытауға көрінер тұстағы шоқының төбесіне орнатылған деп пайым ұсынады.

Қазақ зерттеушісі Н. Нұрмағанбетұлы: «Ұлытау» атауы, қазіргі түсінігіміз-дегідей, «биік, үлкен тау» дегенді білдіреді. Оның ертедегі түпнұсқасы «ұлық тау», немесе «ала тау», қалпында тіркесіп, тұңғыш мағынасы «шоқтық тау», «аласа тау» сияқты ұғымға негізделген. Уақыт өте «ұлық тау» немесе «ала тау» дыбыстық өзгерістерге душар болуы нәтижесінде қазіргі кездегі «Ұлытау» атауы пайда болған» деген қызықты пікір айтқан.

Қазақ ғылымының шын мәніндегі, тұңғыш ұйымдастырушысы һәм әмбебап ғалым Қ. И. Сәтбаевтың: «Сондықтан Ұлытау жоталары қазақ даласының неше ғасырдан бергі тарихының ашық алаң, кең майданы болып келген. Талай хандар ордасын осы Ұлытауға тіккен. Талай батырлар жасағын осы Ұлытауға орнатқан. Сарысуға құятын Қаракеңгір дейтін өзеннің жиегінде атықты Шыңғыс ханның баласы Жошы хан мен Алаша хандардың мазарлары әлі күнге дейін бузылмай тұр. Жыланышқ өзенінің бастау көзі шығатын Ұлытаудың бір бөлігінде Ер Едігеннің моласы бар деп жұрт аңыз етеді. Абылай да ордасын Ұлытауға тіккен, Ұлытаудың түстік бөктеріндегі «Хан төбе» дейтін жерде өткен XIX ғасырдың 30-бөктеріндегі атықты Кенесары батырды Орта жүздің баласы басы Арғын Шеген би болып, ақ киізге салып хан көтерген» деп жазуы Ұлытаудың геосаяси салмағының қаншалықты маңызды екенін анық көрсетеді.

Ерте орта ғасырларда Ұлытау-Жезқазған өңірін мекендеген оғыздар мен қыпшақтардың тарихы мен географиялық орналасуы жайында парсы тарихшысы Әбу Саид Гардизидің «Зайн-әл-ахбар», араб географы Әл-Идрисидің «Нухат әл-Муштак фи Ихтарак әл-Афак» атты шығармаларынан табуға болады. Отандық ғалым Б.Е.Комековтің «Х-ХІ ғғ. Қыпшақ мемлекеті

Қазақстанның інжу маржаны Ұлытау қандай керемет! Мұғалжар қандай гажан!... Бұлардың бәрі – байтақ даладағы қорықтар, жай ғана дамудың орталықтары емес, этностардың өсіп-өну орталықтары, «киелі орындардың» ең бір құдіреттілері.

П. Н. САВИЦКИЙ,
орыс географы.

араб деректері бойынша» еңбегінде ортағасырлық араб деректерінің негізінде қыпшақ елі жан-жақты сипатталған еді. Шығыстанушы Б.Е.Комековтің қыпшақ елінің географиясы, керуен жолдары туралы мәліметтері Ұлытау өңірінің ортағасырлық топонимдерін анықтауда, жана тұжырымдарға жол ашады.

Ұлытау өңірі орта ғасырларда бірнеше ірілі-ұсақты тарихи және саяси оқиғалардың алаңы болғаны белгілі. Соның ішінде Жошы ұлысының (Ұлық ұлы) тарихына тоқталуды жөн көрдік. Жошы ұлысының ең алғаш шаңырақ көтерген кезеңіне қатысты аса маңызды мәліметтерді, доавизм дінінің негізін қалаушы ғұлама, сопы Чанг Чуньнің жолжазбасынан қорғау болады. Ол Шыңғыс хан ордасын тіккен түсті металға бай өлке туралы мәлімет қалдырған. «Жергілікті тұрғындар идисаяқтарын таза мыстан немесе мыс қорыпталарынан, ал соғыс қаруларын суарылған темірден жасайды», – деп жазған ол, қаланың өмірін былай сипаттайды: «Қаладағы барлық базар алтындай жарқ-жүрк еткен мыстан жасалған ыдыс-аяққа толы, тұрғындарының қиын киімдері дәостардкі секілді өте ыңғайлы. Басқа тауарларды былай қойғанда, қайшы мен бізге дейін таза алтыннан жасалған». Осы жерде «Шыңғыс хан бізге көп адамдарды қатты бағалаған» деген неміс ғалымының пікірі дұрыс па, деп ойлаймын.


Жошының Дешті-Қыпшақ даласына келуі туралы парсы авторы әл-Жузжанидің «Табакат-и-насири» шығармасында былай деп жазды: «Туши (Жошы. – Қ.Ә.) и Чагатай, уравнившись делами хорезмскими, обратились на Кипчак и Туркестан, покорили и заполнили одно за другим войска и племена кипчакские и подчинили все (эти) племена своей власти». Жошының әкесі Шыңғыс ханға қарсы шығып, сол себептен оны әкесінің бұйрығы бойынша өлтіртуі туралы мәлімет әл-Жузжаниде келтірілген: «Когда Туши, старший сын Чингиз хана, увидел воздух и воду Кипчакской земли, то он нашел, что во всем мире не может быть земли приятнее этой, воздуха лучше этого, воды слаще этой, лугов и пастбищ обильнее этих. В уме его стало проникать желание востать против своего отца, он сказал своим приближенным: «Чингиз хан сошел с ума, что губит столько народа и разрушает столько царств. Мне кажется наиболее целесообразным умертвить отца на охоте, сблизиться с султаном Мухаммедом, привести это государство в цветущее состояние и оказать помощь мусульманам». Проведял он таким за-мыслом брат его Чагатай и известил отца об этом изменническом плане и намерении брата. Узнав (это), Чингиз хан послал доверенных лиц своих отразить и убитъ Туши». Алайда Жошы мен Чагатай арасындағы келіспеушіліктер Шағатайдың Жошы-ны «меркиттің сыйлығы» деп айыптауы туралы «Моңғолдың құпия шежіресінде» айтылады. Жүвейһидің

«Тарих-и-дже-хангуша» еңбегінде: «Ту зиму (1222–1223 жж. – Қ.Ә.) Чингиз хан пробыв в пределах Самарканда и послал к старшему сыну своему Туши гонца с приглашением также приехать туда из Дешт-и-Кипчака и позабавится охотой, главным образом, на диких ослев». Жошы әкесімен тек көктеме Құлан басы деген жерде кездесіп, 20 000 жылқы сыйлайды. Бұл мәліметтер Жошының Дешті-Қыпшақты мекен еткенін көрсетеді. Бірақ нақты қай жерлерде болғандығы айтылмайды. Жүвейһи Жошының Құлан басынан қайтқан кейін қайтыс болғанын жазды: «Когда Туши, старший сын Чингиз хана, прибыл к нему, к пределам Кулан-башы, и оттуда ушел назад, настал (для него) запovedный срок». Бірақ қай жерде қайтыс болғаны жазылмайды.

Жошының хандық құруы туралы парсы тарихшысы Фазлаллах Рашид-ад-диннің «Жами ат-тауарих» шығар-масында біршама мәліметтер келтірілген. Рашид-ад-диннің мәліметтеріне сүйенсек, Шыңғысхан әскерлерінің Орта Азияға жорығынан кейін де Жошының ордасы Ертіс өзенінің бойында орналасқан және «Чагатай и Угедей отправившись к отцу и у крепости Талькан явились (к нему), а Джучи прямо из Хорезма двинулись к Ирдышу, где находился его обозы (угрук) и при-соединился к своим ордам». Рашид-ад-дин Жошының өліміне байланысты қызықты дерек келтіреді. Оның қысқаша сюжеті келесідей: Шыңғысхан Жошыға солтүстік облыстарды жаулап алуға бұйрық береді. Бірақ ол бұдан бас тартып, өз бетімен кетеді. Шыңғыс хан қатты ашуланып, оны жазаламақшы болады. Осы уақытта Жошы ауырып қалады. Шыңғыс хан өз ордасына келгенде, Жошы оған келе алмай, тек сыйлықтар жібереді. Одан кейін де Шыңғыс хан Жошыны бірнеше рет шақырды. Ол ауырып жатқандықтан келе алмай, кешірім сұрайды. Бір жолы манғыт руының бір адамы Жошы жұртынан келіп, Жошының аң аулап жүргенін көргендігін айтады. Мұны естіген Шыңғыс хан қатты ашуланып, Жошыға қарай Шағатай мен Угедейді аттандырып, өзі де жорыққа шықпақшы болып жатады. Осы кезде Жошының өлімі туралы хабар келеді. Жағдайдың анық-қанығына жеткенде манғыт руының адамының айтуына өтірік болып шығады. Оны іздестіруге із-түзсіз жөк болып кетеді. Жошы өлімінің себептері Әбілғазының «Түрік шежіресінде» айтылмайды. Тек Шыңғыс хан Қытай жорығында жүргенде «Жошы хан бұл кезде өлген еді» дейді және «Жошы хан әкесінен бұрын өлді», «Шыңғыс хан Жошының өлгенін естіген соң қатты қайғырып, аза тұтты» деп жазды. Жошы туралы көп мәліметтер келтіргеннен, Әбілғазы оның өлімінің себебі туралы, қай жерде өлгені туралы ешқандай мәлімет бермейді. Жошының қай жерде өлгені туралы тек Отемис қажының «Шыңғыснамесінде» мәлімет беріледі: «Июч-хан был старшим из его сыновей. Он

[Чингизхан] дал [ему] большое войско и отправил, назначив в вилаете Дашт-и Кыпчака, сказав: «Пусть будет пастибшем для твоих коней». Дал [ему также] вилает Хорезм. Когда Июч-хан отправился в вилает Дашт-и Кыпчака, он достиг Улуг-Тага, который известен. Однажды, когда он охотился в горах, ему по-встречалось стадо марал-кничков. Преследуя и пуская стрелы, он свалился с коня, свернул себе шею и умер». Осы дерек Жошының не себептен Ұлытауда жерленгендігін түсіндіретін сияқты. «Шыңғыснаме» зерттеген қазақстандық шығыстанушы В. П. Юдин шығарманың орта ғасырлардағы тарихы үшін маңызды зор екенін, оның Шыңғысханның ұрпақтарының және Дешті-Қыпшақ тайпаларының өкілдерінің әңгімелерінің негізінде жазылғанын айтады. Сондықтан «Шыңғыснаме» деректері күмән тудырмайды. Бұл жағдайды «Шыңғыснаме» жариялаудағы жауапты редактор Б. А. Ахмедов те айтады. Мысалы, ол Жошы ханның өлуі туралы «Шыңғыснамені» мәліметіне назар аударады. Жошының қайтыс болған жері туралы мәлімет тек «Шыңғыснамеде» айтылады. Ол Ұлытау таулары, Жүвейһидің дерегі бойынша, Жошы Құлан басыдан қайтқаннан кейін қайтыс болады. Бірақ Рашид-ад-дин Жошыны «бір жұрттан бір жұртқа көшіп жүріп, аң аулайтын жері болып табылатын тауға келді» деп жазды. Бұл Ұлытау тауы екені анық. Жүзжани мәліметіне, Жошы Құлан басыдағы кездесуден кейін, әкесінен алашақтап, Рашид-ад-диннің айтуынша, оған бармай, Ертісегі ордасынан Ұлытау қоныс аударды деп қуаттайды Отемис қажы мен Рашид-ад-дин. Жошының Ұлытауда жүрген жерінде, Жүзжанидің жазуы бойынша, «Шыңғыс ханның сенімді адамдары», монғолдың дәстүріне сәйкес «құрметті өлім» жазасын орындайды. Рашид-ад-дин Жошының қайтыс болғандығы жасы, «Жошы Ұлытау қоныс аударды деп қуаттайды Отемис қажы мен Рашид-ад-диннің айтуынша, оған бармай, Ертісегі ордасынан Ұлытау қоныс аударды деп қуаттайды Отемис қажы мен Рашид-ад-дин. Жошының Ұлытауда жүрген жерінде, Жүзжанидің жазуы бойынша, «Шыңғыс ханның сенімді адамдары», монғолдың дәстүріне сәйкес «құрметті өлім» жазасын орындайды. Рашид-ад-дин Жошының қайтыс болғандығы жасы, «Жошы Ұлытау қоныс аударды деп қуаттайды Отемис қажы мен Рашид-ад-диннің айтуынша, оған бармай, Ертісегі ордасынан Ұлытау қоныс аударды деп қуаттайды Отемис қажы мен Рашид-ад-дин. Жошының Ұлытауда жүрген жерінде, Жүзжанидің жазуы бойынша, «Шыңғыс ханның сенімді адамдары», монғолдың дәстүріне сәйкес «құрметті өлім» жазасын орындайды. Рашид-ад-дин Жошының қайтыс болғандығы жасы, «Жошы Ұлытау қоныс аударды деп қуаттайды Отемис қажы мен Рашид-ад-диннің айтуынша, оған бармай, Ертісегі ордасынан Ұлытау қоныс аударды деп қуаттайды Отемис қажы мен Рашид-ад-дин. Жошының Ұлытауда жүрген жерінде, Жүзжанидің жазуы бойынша, «Шыңғыс ханның сенімді адамдары», монғолдың дәстүріне сәйкес «құрметті өлім» жазасын орындайды. Рашид-ад-дин Жошының қайтыс болғандығы жасы, «Жошы Ұлытау қоныс аударды деп қуаттайды Отемис қажы мен Рашид-ад-диннің айтуынша, оған бармай, Ертісегі ордасынан Ұлытау қоныс аударды деп қуаттайды Отемис қажы мен Рашид-ад-дин. Жошының Ұлытауда жүрген жерінде, Жүзжанидің жазуы бойынша, «Шыңғыс ханның сенімді адамдары», монғолдың дәстүріне сәйкес «құрметті өлім» жазасын орындайды. Рашид-ад-дин Жошының қайтыс болғандығы жасы, «Жошы Ұлытау қоныс аударды деп қуаттайды Отемис қажы мен Рашид-ад-диннің айтуынша, оған бармай, Ертісегі ордасынан Ұлытау қоныс аударды деп қуаттайды Отемис қажы мен Рашид-ад-дин. Жошының Ұлытауда жүрген жерінде, Жүзжанидің жазуы бойынша, «Шыңғыс ханның сенімді адамдары», монғолдың дәстүріне сәйкес «құрметті өлім» жазасын орындайды. Рашид-ад-дин Жошының қайтыс болғандығы жасы, «Жошы Ұлытау қоныс аударды деп қуаттайды Отемис қажы мен Рашид-ад-диннің айтуынша, оған бармай, Ертісегі ордасынан Ұлытау қоныс аударды деп қуаттайды Отемис қажы мен Рашид-ад-дин. Жошының Ұлытауда жүрген жерінде, Жүзжанидің жазуы бойынша, «Шыңғыс ханның сенімді адамдары», монғолдың дәстүріне сәйкес «құрметті өлім» жазасын орындайды. Рашид-ад-дин Жошының қайтыс болғандығы жасы, «Жошы Ұлытау қоныс аударды деп қуаттайды Отемис қажы мен Рашид-ад-диннің айтуынша, оған бармай, Ертісегі ордасынан Ұлытау қоныс аударды деп қуаттайды Отемис қажы мен Рашид-ад-дин. Жошының Ұлытауда жүрген жерінде, Жүзжанидің жазуы бойынша, «Шыңғыс ханның сенімді адамдары», монғолдың дәстүріне сәйкес «құрметті өлім» жазасын орындайды. Рашид-ад-дин Жошының қайтыс болғандығы жасы, «Жошы Ұлытау қоныс аударды деп қуаттайды Отемис қажы мен Рашид-ад-диннің айтуынша, оған бармай, Ертісегі ордасынан Ұлытау қоныс аударды деп қуаттайды Отемис қажы мен Рашид-ад-дин. Жошының Ұлытауда жүрген жерінде, Жүзжанидің жазуы бойынша, «Шыңғыс ханның сенімді адамдары», монғолдың дәстүріне сәйкес «құрметті өлім» жазасын орындайды. Рашид-ад-дин Жошының қайтыс болғандығы жасы, «Жошы Ұлытау қоныс аударды деп қуаттайды Отемис қ

«АШЫҚ ФОРМАТТА ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН БОЛАМЫН»



(Соңы. Басы 1-бетте)

Алда №11, №4 қазандық агрегаттарын кеңейтілген ағымдағы жөндеу жоспарланп отыр. Қыркүйектің соңы, қазанның басына №7 турбоагрегатты ағымдағы жөндеуден өткізуді жоспарлап отыр. Отын тасымалдау цехында да дайындық жұмыстары 60 пайызға орындалды. Тағы бір қазандық агрегаттың толықтай ауыстыру жоспарланп отыр, – деген ЖЭО басшысы жылыту маусымына дайындық кестеге сай жүріп жатқанын, ешқандай қиындық жоқтығын жеткізді.

Жыныда ЖЭО басшысынан арнайы мониторинг тобының мүшесі Валерий Фомин орталықта апарат болған жағдайда қаланың толықтай жарықсыз қалатынын себебін сұрады. Бұған ЖЭО басшысы сыртқы желілерден келетін электр энергиясын қалаға кідіріссіз жіберуді қамтамасыз ету үшін кешенді жоспар әзірленіп, қосымша желі тартылатынын айтты.

Жыныда сөз алған «ЖСЖК» АҚ бас инженері Г.Ким жылу желілері бойынша жоспарланған жұмыс 80 пайызға, жалпы дайындық жоспары 81 пайызға, суару желілерін жөндеу 100 пайызға орындалғанын айтты.

– Мердігерлерді тарту арқылы атқарылып жатқан жұмыста аздаған кешеуілдеу бар, бірақ біз ол олқылықтың орнын толтырамыз. Жылыту маусымына қалыпты жағдайда енеміз, – деді ол.

Осы ретте арнайы мониторинг тобының мүшесі Ринат Бикаев кәсіпорын жұмысына, атап айтқанда, жылда жүргізілетін жөндеу жұмыстарына, тұтынушылармен байланыс сапасына қатысты сын көзбен алға тартты. Сондай-ақ, ол бас инженердің баяндамасында айтылған деректерге де күмәнданатынын жеткізді. Арнайы мониторинг

топтың тағы бір мүшесі Валерий Фомин тариф мәселесімен қатар, көп қабатты үйлерге орнатылған жалпы есептегіш құралдарға қатысты мәселе әлі біржақты шешілмегенін, қайта уақыт өткен сайын осы құралдарға қатысты шешенді жағдайлар туындап отырғанын алға тартты. В. Фоминнің сөзін пәтер иелері кооперативтері де қуаттады.

Қала басшысы «ЖСЖК» АҚ жұмысына қатысты жұртшылықтың алаңдаушылығына хабардар екенін, кәсіпорын жұмысындағы кемшіліктерді бақылауға алатынын айтып, кәсіпорын басшылығына жұртшылықпен байланысты жолға қою, барлық ақпаратты көпшілікті ету жайында тапсырма берді.

– Есептегіш құралдарға қатысты дауға келсек, бұл – «ЖСЖК» АҚ мен ол құралдарды орнатқан компания арасындағы дау. Олардың арасындағы келіспеушілік қала халқының мүддесіне кесір тигізбеуі керек. Ондай дауларды өзара шешіңдер. Тұрғындар зардап шекпеуі тиіс, – деп қысқа қайырды қала әкімі.

Жыныда қала басшысы қызмет көрсетуші компаниялар нарық талабына сай клиент сұранысын қанағаттандыруды басты мақсат етуі керектігін, сол үшін заманға сай коммуникация құралдарын кеңінен пайдалану қажеттілігіне назар аударды. Қала әкімі Қайрат Әбсәттаров:

– Бұл біздің соңғы кездесуіміз емес. Енді қала өміріне қатысты барлық маңызды мәселелерді осылай ашық, жария түрде талқылап, шешетін боламыз. Бұл ретте бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндіктерін пайдаланамыз. Бүгінгі көтерілген мәселелер толық шешілмейінше күн төртбінен түспейді, – деп жиынды қорытындылады.

Дархан МҰХАН

АЛҒАШҚЫ БРИФИНГ

карантин шектеулеріне арналды

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазанның соңына дейін тағы 150 оттегі концентраторы, 100 пульсоксиметр, 3 жасанды тыныс алдыру аппараты алынбақ. Бұл жерде пандемия басталғанға дейін қалада бар-жоғы 11 жасанды тыныс алдыру аппараты, 15 пульсоксиметр ғана болғанын атап өткен жөн.

Сондай-ақ, індеттен емдеуге арналған екі нысанда орталықтандырылған оттегі беру жүйесі орнатылып жатыр. Екі компьютерлік томография кабинеті жұмыс істеп тұр, қазан айының соңына дейін тағы осындай екі кабинет іске қосылады. Қалаға заманға сай екі цифрлы рентген-аппарат әкелінбек.

– Стационарларды медициналық жабдықтармен қамтамасыз ету әлі де жалғаса береді. Қазіргі уақытта жыл соңына дейін жеткілікті дәрі-дәрмек қоры бар. Дәріханаларды қамтамасыз ету

үшін «Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы базасында тұрақтандыру қоры құрылды, онда қазіргі өзінде бір жарым айға жететін дәрілік заттар сақталып. Күзге дейін тағы да толықтырылады, – деді қала басшысы.

Қала әкімі брифинг барысында карантин шектеулері мен санитарлық талаптардың орындалысын қамтамасыз ету үшін мобильді топтар жұмыс істейтін, олар тұрақты түрде рейдтер ұйымдастыратынын ескертті.

Әкім брифингінде сонымен бірге, Жезқазған қаласы бас санитарлық дәрігерінің міндетін атқарушы Ләззат Қыдықенова да сөз алып, қаладағы эпидемиология мен карантин шектеулеріне қатысты талаптарды түсіндірді.

– 17 тамыздан бастап жеке кіріп-шығатын есіктер қарастырылмаған сауда үй-

лері, сауда-ойын сауық орталықтарынан басқа осындай нысандар, сәулілік салондары мен шаштараздар, спорт кешендері, балалар үйірмелері мен қосымша білім беру орталықтары, бала-бақшалардағы кезекші топтар, моншалар жұмысы қайта жанданады. Ал, діни нысандардың жұмысына, көпшілік, тұрмыстық-отбасылық, салтанатты шаралар өткізуге әлі де тыйым салынады. Қызметіне рұқсат етілген нысандардың жұмысына қатаң санитарлық талаптар қойылған, – деді ол.

Сонымен бірге, қызметіне рұқсат берілген нысандар жұмысы демалыс күндері шектелетін болады.

Брифингте қала басшысы мен санитарлық дәрігердің міндетін атқарушы БАҚ өкілдерінен және желі қолданушыларынан келіп түскен сұрақтарға жауап берді.

Жомарт ТАЙМАС

АУЫС-ТҮЙІС

ӘЛІБЕК ӘБДІРАШЕВ – ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТ БАС РЕДАКТОРЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ

«Saryarqa Aqparat» ЖШС директорының бұйрығымен Қарағанды облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің Жезқазған-Ұлытау аймағы бойынша тілшісі Әлібек ӘБДІРАШЕВ газет бас редакторының орынбасары лауазымына тағайындалды.

Әлібек Тілеубергенұлы Әбдірашев Ұлытау ауданының «Байқоңыр» ауылында орта мектепті бітірген соң еңбек жолын 1975 жылы Жезді аудандық «Октябрь туы» газетінде тілші болып бастаған.

С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін сырттай оқып бітірген.

Жезқазған облыстық радиосында тілші, жастар редакциясының редакторы, Жезқазған облыстық «Жезқазған туы» (кейін «Сарыарқа») газетінде өнеркәсіп, құрылыс, транспорт және бөлімнің аға тілшісі, менеджері, республикалық «Егемен Қазақстан» газетінде эко-



номика бөлімінің менеджері, халықаралық «Қазақ Елі» және республикалық «Жас Алаш» газеттерінде Қарағанды облысындағы меншікті тілші, аймақтық «Мысты өңір» газетінде бөлім менеджері, бас редактордың орынбасары, облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде Балқаш, Ақтоғай аймағындағы меншікті тілші болып

қызмет еткен. Осы тағайындалуға дейін облыстық газеттің Жезқазған-Ұлытау аймағындағы меншікті тілшісі болды. Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты. Ұлттық «Алтын Гефест», республикалық «Алтын қалам», облыстық «Алтын сұңқар» сыйлығының иегері.



ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ

Қазіргі қолданыстағы Конституциямыз – Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ерекше маңызға ие басты құжат, ел тәуелсіздігі мен тұтастығының кепілі. Себебі, республикадағы саяси, әлеуметтік, экономикалық реформалардың кепілі де, барлық қабылданатын заңнамалық құжаттардың мазмұны да Ата Заң талаптарын негізге алады.

Қазіргі дүниедегі кез келген мемлекет өзінің алғашқы бастамасын тәуелсіздігімен қатар, Конституциясын қабылдаудан бастайды. Әр мемлекеттің ұрпақтан ұрпаққа мұра етіп қалдыратын заңдары, әдет-ғұрып салттары, дәстүр сабақтастығы болатыны ақиқат. Қасиетті қазақ халқы бабалардың асыл арманына айналған тәуелсіздігімізді алғанда, онымен біте қайнап, сөгімен қабылданған Конституциямыз – Ата заңымыз сабақтасты заңдарымыздың бірі. Еліміздің қысқа уақыт аралығында өз Егемендігін нығайтып, тұрақты дамуға негіз болатын Конституциясын қабылдағаны – ел тарихындағы елеулі оқиға. Сол кезде-ақ егемен еліміз өзінің демократиялы, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекет екендігін Ата заңы арқылы бүкіл әлемге танытты. Бұл – сол мемлекетті құрушы ұлттың ғасырлар бойы жинақталған өзіне тән ұстанымының, заңдарының, жүрген жолдарының өзегінен шығып, келешегіне бағдар жасайтын басты белгі.

Конституцияны қабылдай отырып, Қазақстан халқы мемлекеттік биліктің бірден-бір қайнар көзі ретінде өзінің егемен құқығын іске асырды. Осылайша, біз конституцияда қаланған құқықтық мемлекетті және азаматтық қоғамды қалыптастыру жолын таңдап алдық. Оның аясында елімізде қоғамдық келісім, тұрақтылық қамтамасыз етіліп, саяси-әлеуметтік дамудың өтпелі кезеңі жақсы нәтижелермен аяқталды.

Қазір Қазақстан тату, көп ұлтты халқы бар, қуатты экономикасы, сенімді саяси жүйесі бар өзге елдерге үлгі болатындай елге айналып отыр. Біздің еліміздің әлеуметтік өмірдегі басты табыстары да Конституциямызды басшылыққа ала отырып жасалған.

Ата Заңға сәйкес адамның құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады және одан ешкім айыра алмайды, құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған орай анықталады.

Еліміздің Ата Заңының тағы бір ерекшелігі, ол азаматтардың бостандықтары мен негізгі құқықтарын халықаралық дәрежеде қалыптастырып бекітті.

Әрине, Қазақстан халқының егемен құқығы тек Конституция қабылдаумен

тоқтап қалмайды. Ол мемлекеттің аса маңызды мәселелерін шешу үшін халықтың бойынша барлық конституциялық-құқықтық мүмкіндіктерді де жинақтайды. Мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін талқылау және шешу кезінде әрбір құқықтық санасы жоғары азамат Конституцияда айқындалған жауапкершілікті сезінуі қажет.

Қоғамның бүгінгі мен болашағы үшін Конституциямызды құрметтеп, қорғау және маңыздылығын жоғалтпай сақтау – әрбір қазақстандық азаматтың міндеті мен парызы.

Ата Заңымыз – еліміздің басты тарихи құндылығы. Ол – Өнұран, Ту және Елтаңба қатарында халықаралық қоғамдастықта біздің мемлекеттілігімізді мойындатытын негізгі құжат. Елдің бірлігі мен мызғымсыз татулығының өзегіне айналған конституцияны құрметтеу – патриоттық парызымыз. Келелі болашаққа керуен тартқан Тәуелсіз Қазақстанның әлемдік кеңестікте тұғыры биік болсын!

Әльвира НҮРСЕЙТОВА, Жезқазған қаласы прокуратурасының аға прокуроры

БАҒДАРЛАМА БАРЫСЫН БАЯНДАДЫ



Жезқазған қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ләйла Әлкебаева мен жұмыспен қамту орталығының директоры Абай Әзімбаев БАҚ өкілдерімен кездесіп, «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы» мемлекеттік бағдарламасының іске асырылу барысымен таныстырды.



Биыл қаламызда жұмыссыздар саны бытырға қарағанда 20 пайызға артыпты. Екі қолға бір күрек таппай сенделгендердің басым бөлігі – карантинге байланысты кәсібінен айрылғандар. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық деңгейінің өсуіне жол бермеу, қосымша жұмыс орындарын құру және кірісті қамтамасыз ету, елді-мекендердің инфрақұрылымын дамыту үшін жағдай жасау сынды міндеттерге не аталған бағдарлама аясында күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу, әлеуметтік мәдениет нысандарын қайта қалпына келтіру, тұрғын-үй-коммуналдық шаруашылық жұмыстарын реттеу, автомобиль жолдарын жөндеу, абаттандыру, жарықтандыру сынды жұмыстар жүзеге асуда.

– «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы негізінде 1099 жұмыс орны құрылған болатын. Оның 550-іне жұмыспен қамту орталығы арқылы мамандар тарту жоспарланды. Осы мақсат-

та бүгінге дейін 419 адам біздің орталық арқылы еңбекке араласу мүмкіндігіне ие болды. Олардың 165-і – жастар болса, 19-ы – мүмкіндігі шектеулі жандар, 9-ы – аз қамтылған отбасы мүшелері. Біз жұмыс іздеп келген кез келген азаматты жұмыспен қамтуға тырысамыз. Оларға 85 000 теңге көлемінде жалақы төленеді. Мамандық бойынша орналасса одан да көбірек алу мүмкіндігі бар. Олардың бағдарлама аясындағы жұмыстары біткеннен кейін біз мердігер компаниялармен сөйлесіп, тұрақты жұмысқа орналастыруға тырысамыз. Ол мүмкін болмаған жағдайда қайта даярлау курстарында оқытамыз, – деді брифинг барысында Абай Әзімбаев.

Қазіргі таңда «Жұмыспен қамту» 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы негізінде 14 жоба аяқталған. 11-і аяқталуға жақын, ал 14-інің жұмысы жалғасуда, 1-еуі енді басталып жатыр.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

«ҰЛЫТАУ» ГАЗЕТІНЕ

ЖАҢА БАСШЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінде кадрлық өзгерістер болды. Осыған дейін газет бас редакторының орынбасары қызметін атқарған Ахат ҚҰРМАНСЕЙІТ Ұлытау аудандық «Ұлытау» газетіне бас редактор болып тағайындалды.

Аудандық газеттің басшылығына барған Ахат Құрмансейіт 1964 жылы Ұлытау ауданы Қорғасын ауылында туған. 1989 жылы Жезқазған педагогикалық институтын бітірген.

Еңбек жолын Ұлытау ауданындағы «Таң нұры» комсомол-жастар шопандар бригадасында шопан болудан бастаған. Кейін мұғалім болып, комсомол ұйымында еңбек етті. Ұлытау аудандық комсомол комитетіне жетекшілік жасады, аудандық білім бөлімінің менеджері, Қарсақбай кентінің әкімі болып қызмет атқарды.

Жезқазған қалалық «Сарыарқа» газетінің тілшісі, жауапты хатшысы, бас редакторының орынбасары – жауапты хатшы, Қаражал қалалық «Қазыналы өңір» газетінің бас редакторы, Қаражал қаласы әкімінің орынбасары қызметтерінде болды. Кейінгі жылдары облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінде жауапты хатшы, газеттің Жезқазған, Қаражал, Сәтбаев қалалары және Жанарқа, Ұлытау аудандары бойынша меншікті тілшісі, Қарағанды облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің редакциясы ЖШС Директоры – Бас редакторының орынбасары болып істеді.



Қарағанды облысы әкімінің «Тіл жанашыры» сыйлығы «Тіл майталманы» номинациясының иегері және т.б. көптеген марапаттары бар.



Мектеп директорлары оқу жылы басталар алдында педагогикалық кеңестер өткізіп жатыр. «Әр білім беру ұйымының басшысы ұжымына мектепте оқу жылы қалай басталатынын, штаттық режимде оқытқындар үшін қандай санитарлық қауіпсіздік шаралары қабылданғанын, балаларды қауіптен оқу үшін мектеп қандай платформаны тандағанын, бағалау жүйесіне қандай өзгерістер енгізілгенін және оқу процесін ұйымдастыруға қатысты өзге де сауалдар бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізіп жатыр», – деп жазды министрліктің баспасөз қызметі.

Қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайларға байланысты 2020-2021 оқу жылы қашықтан білім беру форматында басталады. Ата-аналардың қалауы бойынша мектептерде 1-4 сынып оқушылары үшін кезекші сыныптар жұмыс істейтін болады. Бір сыныпта білім алушылар саны 15-тен аспайды.

Текенес барысында педагогтерге оқыту ережелері мен кезекші сыныптарда санитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары егжей-тегжейлі түсіндірілді.

Оқушылар мен педагогтердің температурасы күнде өлшеніп, дене қызуы нормадан жоғары болған жағдайда және ауру белгілері анықталса, педагогтер жұмысқа кіріспейді, ал оқушылар үйлеріне қайтарды.

«Егер ата-аналар немесе балалардың заңды өкілдері ниет білдіріп, өтініш жазса, ал мектеп санитарлық нормаларды қатаң сақтауға дайын болса, бастауыш сынып оқушылары мектеп қабырғасында оқи алады. Мектептерде жоғары сынып оқушыларының кабинеттері бос болғандықтан, бұл кабинеттерді де бастауыш сыныптарды оқытуға ұйымдастыру үшін пайдалануға болады. Ата-аналардың өтініштерін сынып жетекшілері қолжетімді байланыс құралдары арқылы онлайн-форматта қабылдайды. Мектеп формасына қатысты: жалпы формаға қойылатын талаптар жойылмайды, бірақ уақытша өзгерістер енгізілді, соған байланысты биыл ата-аналар баланы мектеп формасында немесе басқа да ыңғайлы кіммен жіберу туралы шешімді өзі қабылдайды», – делінген БҒМ баспасөз қызметі тараған хабарламада.

Мектептердегі компьютерлер балаларға уақытша пайдалануға берілді. Сонымен қатар, білім басқармалары, бөлімдері қосымша компьютерлер, ноутбуктер, планшеттер сатып алып, қабылдау-тапсыру актілері негізінде оқушыларға тапсырады.

Әр өңір, білім беру ұйымы қауіптен оқушыларды ұйымдастыратын интернет-платформаны өзі тандайды. Қашықтан оқыту форматы аясында мұғалімдер мен оқушылар платформасы арқылы стриминг жүйесін қолданатын болады.

Сондай-ақ, педагогикалық кеңесте мұғалімдерге сабақты ұйымдастыру бойынша ұсыныстар талқыланып жатыр. Шалғайдағы ауылдық елді мекендерде орналасқан шағын жинақты мектептерде күндізгі форматта оқытуға ұйымдастыру мәселесі де назардан тыс қалмайды.

Күн төртбөлігінде тағы бір маңызды тақырып – карантиндік және шектеу шаралары жағдайында 2-11(12) сыныптардағы оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау. Педагогикалық кеңестерде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесіндегі уақытша өзгерістер талқыланып жатыр.



2019 жылғы 2 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ел халқына «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты алғашқы Жолдауын жариялаған болатын. Аталған Жолдауда Қасым-Жомарт Кемелұлы өткен мен бүгінгі болашақпен сабақтастыра отырып, ел дамуы үшін қажетті бағыттарды айқындады әрі өткір саяси мәселерге кеңінен тоқталды.

БАЙЫПТЫ БАСТАМАЛАРЫМЕН ҚҰНДЫ

Соған сай Үкіметке арнайы тапсырмалар жүктелді. Қоғамдық-саяси реформалар ел тұрғындарының ғана емес, алыс-жақынды түрлі мемлекеттердің де назарында. Осы тұста билік пен халықтың арасындағы байланысты нығайтуды көздеген қоғамдық диалог тақырыбының маңызы зор. Елдің саяси жүйесін кезең-кезеңмен жанаңа бағытта жаңғыртуға шақыра отырып, оның базалық сипатын атап көрсетті. Бұған Мемлекет басшысының «...елдің қоғамдық-саяси өмірін жаңғыртпайынша, табысты экономикалық реформаларға қол жеткізу мүмкін емес» деген сөзі бірден-бір дәлел. Осыған байланысты компартиялықты одан әрі дамыту, қоғамдық келісімді сақтау, халықпен тіімді байланыс орнату, митингілер туралы заңнаманы жетілдіру сияқты мәселелерге баса назар аударылды.

жеттік тілді биікке шығаудың сәті келді деп ойлаймын. Бұл Жолдау барлық ана тіліміздің жанашырларының кеуелесіне мақтанш сезімін орнатып, үміт сөзін сөзін тұтатқандай әсер қалдырды.

Президент сөзінде сот пен құқық қорғау жүйесін жетілдіру, бизнесті дамыту, қаржы ресурстарын дұрыс бөлу, халыққа әлеуметтік қолдау көрсету, ел аймақтар арасындағы теңсіздікті жою сынды көптеген халықты толғанып жүрген мәселелерге де баса назар аударылды.

Сондай-ақ, тағы да айта кетер мәселелердің бірі – Президент өз Жолдауында қоғам мен биліктің өзара ықпалдасқан іс-қимылының осы түрін неғұрлым сындарлы деп есептей келе, азаматтарды ашық диалогқа шақырады. Ол өзекті, шешімнің күші тұрған мәселелердің бар екенін ашық айта келе, оларды шешудің ұтымды жолдарын ұсынды, тәуекел мен мүмкіндікке прагматикалық тұрғыдан баға берді.

Мемлекет басшысының алға қойған мақсаттарын сапалы орындау – баршамыздың міндетіміз. Осы тұста барша қазақстандықтар бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, бірлесіп еңбек етсе, біз жетпеген жетістік болмайтыны сөзсіз.

Жанар ЖОЛДАСОВА,
Жезқазған қаласының ауданаралық әділет басқармасының бас маманы

«ЖОЛ КАРТАСЫНЫҢ» ИГІЛІГІН КӨРГЕН



COVID-19 пандемиясы кезіндегі карантин салдарынан елімізде ғана емес дүниежүзінде жұмыссыздық деңгейі күрт артты. Бұл мәселені шешу үшін ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен 240 мыңнан аса жаңа жұмыс орын құруға мүмкіндік беретін «Жұмыспен қамтудың жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы іске қосылып, оны жүзеге асыруға триллион теңге қаражат қарастырылды. Елді-мекендердің инфрақұрылымын дамыта отырып, жұмыссыздықтың белең алуына жол бермеуді мақсат еткен жоба аясында бүгінде екі қолға бір күрек тапқан жезқазғандықтар да көп.



Қысыл-таяң кезеңде жұмыссыз қалмай, ауқымды бағдарламаның игілігін көрген жерлестеріміздің бірі – Жошы хан тарихи-мәдени орталығының құрылыс алаңында еңбек етіп жүрген Жүрсінәлі ТАЙҒАРАЕВ.

– Пандемия басталысымен жұмыс істеу жүйем ЖШС өз жұмысын тоқтатып, мен қысқарып қалдым. Деру жұмыспен қамту орталығына барып, жұмыссыз ретінде тіркелдім. Көп ұзамай «Самға» ЖШС-ға жұмысшылар қажет деп хабарласты. Сөйтіп, мамандығым бойынша жұмысқа тұрдым, – деп әңгімесін бастаған Жүрсінәлі ағаның мамандығы – электр монтаждаушы.



Осы уақыт ішінде екі рет 150, 160 мың теңге көлемінде жалақы алып үлгергені жеткізген ол қасындағы 4 жігітпен бірге болашақ тарихи-мәдени орталығын жарықтандыру жұмысын жүргізіп жатыр.

Мұнда жұмысшылар тегін тамақпен, жатын орын мен қалаға жеткізетін автобуспен қамтамасыз етілген. Бүгінде жұмысқа деген жауапкершілігімен басшылықтың оң көзқарасына ие болған Жүрсінәлі Тайғарев бұл нысан аяқталғанын жұмыссыз қалмайды. Өйткені, мердігер компания тарихи-мәдени нысанды тапсырған соң, басқа да жобаларды қолға алып, білікті электрік Жүрсінәлінің тұрақты жұмыспен қамту орталығынан 100-ден аса жұмыскер алынған. Тас қалаушы, бетоншы, ағаш ұстаысы, сылақшы, слесарь мен сантехник, электрік, қарапайым жұмысшы ретінде алынғандардың жалмақысы – 85-180 мың теңге аралығында.

Ігі жобаның игілігін көрген тағы бір азамат – Серікбай ЖАНӘЛІЕВ. Ол сәуір айында жұмыссыз қалған еді. «Жұмыспен қамту жол картасы» жобасының арқасында тәжірибелі жүргізуші «Атакент ТТС» ЖШС қарамағында «ЗИЛ-130» көлігін тізгінідеп жүр.

– Аптасына бір рет Теректі стансасында мектеп құрылысын жүргізіп жатқандарға су жеткіземін. Қалған күні қала ішінде гүл суарушыларды сумен қамтамасыз етемін. Жалақы уақытылы төленеді. Аптасына алты күн жұмыс істейміз, – деген Серікбай Жанәліев те қазір жұмыс таңдайтын кезек емесін тілге тиек етіп, елдің еңбек етіп, табыс табуына мүмкіндік берген мемлекеттік бағдарламаның барына қуаныптың жеткізді.

Бота ША.ЛҚАР



ҚҰРЫЛЫС НЫСАНДАРЫМЕН ТАНЫСТЫ

Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Әбсаттаров сенбі күні қалада жүріп жатқан құрылыстар мен жөнделіп жатқан нысандарды аралады.

Атап айтқанда, «Жұмыспен қамту жол картасы» аясында жөнделіп жатқан №№3, 4 мектептер, №14 «Балдырған» бөбекжайы, жаңадан салынып жатқан 320 орындық денешынықтыру-сауықтыру кешені мен Алашахан даңғылының аяқ жағынан бой көтеретін жаңа үйлердің, 900 орындық жана мектептің құрылыс орнына барды. Қаланы вокзал, сапаржаймен жалғап жатқан көпірдің жөндеу жұмысымен танысты. Көптен бері апатты деп танылған көпір был қайта құрылымдалып жатыр. Қазан айының соңына дейін пайдалануға берілімек.

Осы жерде №14 «Балдырған» бөбекжайы 1991 жылдан кейін алғаш рет күрделі жөндеу көріп отырғанын айта кеткен жөн.

Сондай-ақ, Қайрат Бектайұлы Кенгір ауылында болып, ондағы күрделі жөндеуден өтіп жатқан №2 мектепке барды. Басты талап – жұмыс сапасы мен заманға сай қала мәдениеті талаптарына жауап беру. Құрылыс, жөндеу жұмыстарында жергілікті өнімге басымдық берілуі тиіс. Одан кейін жобалау, жоспарлау кезінде де салынатын ғимараттардың сыртқы кескін-келбетіне, қолайлылығына мән берілуі керек, – деді қала басшысы нысандарды аралау барысында.

Жұмыспен танысу барысында Қайрат Бектайұлы мердігерлер мен жауапты тұлғаларға жұмыс сапасы, заманға сай сәулет талаптары тұрғысынан бірқатар ескертулер жасап, тапсырма берді.

Өз тіліміз

ІМЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

КӨПБЕЙІНДІ АУРУХАНАНЫ КӨП ӨЗГЕРІС КҮТІП ТҮР

Жұртшылық тарапынан Жезқазған көпбейінді ауруханасының медициналық құрамына, онда көрсетілетін қызметтердің сапасына сын айтылып жүргеніне біраз болды. «Қанша адам болса, сонша пікір бар» деп оны құлаққа ілмей, бар мәселені күрдеден, оны шешуден қайшақтау салдарынан ауыр індет деңдеген тұста көп адамның өмірін аршапай алмаған аурухананың жағдайы жалпақ елге жария болды. Сөйтіп, жезқазғандықтардың жанайқайы жоғары жаққа да жетіп, көпбейінді аурухананы дамытудың стратегиялық жоспары жасалыпты. 2020-2023 жылдарға арналған даму бағдарламасы аймақтағы медицина қызметкерлері мен БАҚ өкілдеріне таныстырылды.

– Соңғы үш жылды қорытындылайтын болсақ, жылына көпбейінді ауруханадан емделіп шыққан науқастардың саны 11 мыңнан асады. Дегенмен, аталған медициналық мекемеде түрлі ауруларды емдеуі тиіс мамандардың барына қарамастан сыртқа шығып, дертіне ем іздеушілер көп. Жезқазғандықтар көбінесе Қарағанды, Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларындағы дәрігерлердің көмегіне жүгінеді. 2019 жылдың өзінде 5 636 жезқазғандық жоғарыда аталған қалаларға барған. Осы ретте біз азаматтар тұрғылықты мекен-жайы бойынша сапалы медициналық қызмет алуы үшін күші жұмылдыруымыз керек, – деп жиында ашқан Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Тамал Токсанбаев бүгінде облыстағы эпидемиологиялық ахуал тұрақтанғанын, COVID-19 эпидемиологиялық инфекциясының келесі толқынына дайындық қызу жүріп жатқанын жеткізді.

Еліміз бойынша тез тұрғызылатын 11 модульді госпитальдің біреуі Жезқазғанда салынып жатыр. 200 орынға шақталған госпитальде 20 орын реанимация бөліміне берілімек. Онда заманауи рентген, УДЗ, гемодиализ аппараттары орнатылатынына сендірген бас

дәрігердің орынбасары қазанға дейін облыс көлеміндегі емдеу мекемелері үшін 40 цифрлық рентген сатып алынып, 370 медициналық оттегі нүктесі орнатылатынын айтты. Сонымен бірге, оттегі концентраторлары да жеткізіліп жатқан көрінеді.

Сөз кезегін алған көпбейінді аурухана басшысы Орал Мазитов өз баяндамасында аурухананың бүгінгі мен ертеңі жайында баяндап берді. Консультативті-диагностикалық орталықта, қабылдау бөлімінде, хирургиялық қызмет пен ана мен бала бөлімінде барлығы 84 дәрігер мен 317 орта және кіші медициналық қызметкер еңбек етеді. УДЗ, эндоскопия, рентген мен компьютерлік томограф, физиотерапиялық, сәулелі диагностика, клиникалық-диагностика қызметтерін ұсынатын ауруханада жедел көмек көрсету, травмпункт, ересектер мен балалардың жансақтау бөлімі, терапиялық, нефрологиялық, эндокринологиялық, тері-венерологиялық, неврологиялық, инфекциялық, трансфузиологиялық, балалар мен ересектердің хирургиялық, нейрохирургиялық, урологиялық, офтальмология мен отоларингологиялық бөлімдері бар. Сонымен бірге, қазір қалалық перзентхана аталған мекеменің құрамына енген.



Маман тарту жұмысын жолға қойса да әлі 23 дәрігер қажет екенін алға тартқан аурухана директорының мәліметінше, 2019 жылы 39, был 4 дәрігер жұмысқа алынған. Жұмыстан шығып жатқандар да жоқ емес. Былтыр 21, үстіміздегі жылы 4 дәрігер жұмыстан босатылған. Орта медициналық қызметкерлер арасындағы жағдай да маз емес. 2019 жылы 119 медбихі жұмысқа алынса, 40-ы жұмыстан шыққан. Жыл басынан тағы 13-і жұмыстан кеткен. Кадрлардың ауысуын директор отбасы, денсаулық жағдайына байланысты деп түсіндірді. Маман тапшылығын шешу күн тәртібінен түспейтінін жеткізген Орал Мазитов жыл соңына дейін 8 жас маман келетінін айтты. Олар: екі пернатолог, бір УДЗ дәрігері, акушер-гинеколог пен төрт хирург. 2021 жылы оқуын тәмамтайтын резиденттер де жұмысқа тартылыты. Қазір нейрохирург, офтальмолог, анестезиолог, кардиолог пен акушер-гинеколог сынды 17 маман тұрғындарға медициналық қызмет көрсетуде.

Тозғыр жеткен аурухана ғимаратын да кезек-кезеңімен жөндеу жоспарланып отыр. Бүгінгі өзінде перзентхана үшін 1-2 қабаттарда күрделі жөндеу жүргізіліп жатыр. Келесі кезекте жеделсатыларды жаңарту, операциялық блок пен жансақтау бөлімін, екінші қабылдау бөлімін күрделі жөндеуден өткізу қарастырылған. Мәйтхананы ағымдағы жөндеуден өткізіп, қосымша мұздатқыш камераларын орнату және жеделсаты жүргізу де межеленген. Сонымен қатар, бүгінде 3, 4 және 5, 6-қабаттарды күрделі жөндеуден өткізудің жобалық-сметалық құжаттары әзірлену үстінде.

Көпбейінді аурухананың материалдық-техникалық базасын нығайтып, кадрларды дайындауды, мамандарды тарту және оларға баспана беруді қарастырып жатқанын тілге тиек еткен аурухана директоры стацонарды өттегімен қамтамасыз ету жұмыстары қолға алынғанын және бүгінде ауруханада 7 өкпені жасанды желдеткіш аппараты мен 121 оттегі концентраторы мен 50 пульсоксиметр барын айтты. Быыл емдеу мекемесінің базасы компьютерлік томографпен, цифрлық рентген және УДЗ аппараттарымен, видеоларингоскоп, бронхофиброскоп, анализатор мен инфузomat секілді қондырғылармен толыққан.

Диана ОРАЗАЛПИНА

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ АХУАЛЫ СӨЗ БОЛДЫ

Карантин жағдайына қарамастан қоғамдық кеңес өз қызметін тоқтатқан емес. Қала тұрғындарын мал және құс шаруашылығының өнімдерімен қамтамасыз етуді жақсартудың перспективалары сөз болған кеңес мүшелерінің кезекті отырысы онлайн режимде ұйымдастырылды. Кеңес отырысына қала әкімінің орынбасары Амангөлі Мұхамбедін қатысып, баяндама жасады.

Өндірісті өлке экономикасының 1 пайызын ғана құрап отырған ауыл шаруашылығы саласы жана жобаларды қажет етеді. Өйткені, 2019 жылы өнеркәсіптен түскен жалпы өнім көлемі 627 млрд 268,6 млн теңгені құраса, ауыл шаруашылығына тиесілі үлес – 5 млрд 862,7 млн теңге. Бүгінде жезқазғандық ауыл шаруашылығы саласының мол үлесін Талап, Кенгір және Малшыбай ауылдық округтері мен қала маңындағы шаруа қожалықтары және «Сүт Жағасы», «Племптицторг», «Ұлытау Флора», «Компания ВУАУ», «Самали – 2030» кәсіпорындары құрайды. Шаруа қожалықтарының 95,8 пайызы мал өсірумен айналысады. Бүгінде мал шаруашылығынан нәпақасын тауып отырған шаруалардың жалпы саны – 250. Ал, аралас бағытта, яғни, мал өсірімен де, бау-бақша кәсібін де айналысатын 10 шаруа бар. Бау-бақша өсірумен айналысатын «Лен» шаруа қожалығының жұмысы да қарқынды түрде дамып келеді.

2019 жылдың қорытындысы бойынша жалпы ауыл шаруашылығы өнімі 5 млрд 854,4 млн теңгені құраған. Бұл 2018 жылмен салыстырғанда өсім 27,5 пайызға артық деген сөз. Себебі, 2018 жылы жалпы ауыл шаруашылығы өнімінің үлесі 4 млрд. 589,4 млн теңгені құраған болатын. Оның ішінде мал шаруашылығына 2 млрд 229,6 млн, өсімдік шаруашылығына 3 млрд 624,8 млн теңге тиесілі. Бұл көрсеткіштер 2018 жылмен салыстырғанда мал шаруашылығы өнімі үлесінің 39,3 пайызға, өсімдік шаруашылығынан түскен пайданың 121, 3 пайызға дейін артқанын көрсетеді.

– Ауыл шаруашылығы дақылдарының егістік көлемі 584,8 гектарды құрады. Бұл 2018 жылмен салыстырғанда 18,5 пайызға, яғни, 91,2 гектарға өсті. Былтыр 8033 тонна картоп өнімі алынды. Одан бөлек 6158,2 тонна өзге түрлі көкөністер молшерін құрайды. Сонымен қатар мал шаруашылығы өнімдерінің де тұрақты өсімі байқалауда. Атап айтқанда, ет мөлшері 2,4 пайызға немесе 1429 тоннаға, сүт 6,8 пайызға немесе 5694,5 тоннаға, жұмыртқа саны 9,9 пайызға немесе 10013,3 мың данаға артты. Ет өнімдері қаламыздың «Шаруа», «Нарық» базарларында, 8 мамандандырылған ет дүкендерінде және ет өнімдерін қайта өңдеуші кәсіпорындарының дүкендерінде сатылууда. Сонымен қатар, қаламызда 2 мал бордақылау алаңы жұмыс істеуде. Осы жылы «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 - 2021 жылдарға арналған» «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында бордақылау алаңын салу жұмысы жоспарлануда, – деді кеңесте баяндама жасаған Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Амангөлі Мұхамбедін.

Қоғамдық кеңесте ірі қараның аналық басын асылдандыру бағыты бойынша да атқарылып жатқан жұмыстар сөз болды. Биылғы жылдың 6 айының қорытындысы бойынша ірі-қара мал саны 5,3 пайызға артып, 13064 басы құраса, жылқы басы 7,5 пайызға өсіп 9514-ке жеткен.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің оң динамикасына әсер етіп отырған бірден бір қолдау ол – мемлекеттік бағдарламалар. «Қазақстан Республикасының агро-



неркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында мал шаруашылығы бағытын дамыту бойынша қаланың 386 ауылшаруашылық тауар өндірушісіне 853,9 миллион теңге көлемінде қаржылай қолдау көрсетілді. Сондай-ақ, «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 - 2021 жылдарға арналған» «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында мал шаруашылығын дамыту бағыты бойынша 2017 жылдан бастап 36 жобаға 152 млн.теңге сомасында қаржы бөлінген.

Ауыл шаруашылығын дамытуға әсер ететін жайттың бірі – пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы жерлерін қайта пайдаға жаратуға конкурсу арқылы пайдалануға беру. Осының нәтижесінде 2018 жылы 20,9 мың гектар ауыл шаруашылығы жері конкурсу арқылы қайта пайдалануға берілді. Сонымен қатар, 33,5 мың гектар жер конкурсу арқылы шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін берілген.

Қоғамдық кеңес отырысы барысында суармалы жерлерді қайта қалпына келтіру жайы да сөз болып, Талап суару жүйесінің магистральды каналы мен Жезді су қоймасын қайта жаңарту жобасы туралы да бірқатар мәселелер қозғалды.

Отырыс барысында қала тұрғындарын мал және құс шаруашылығы, көкөніс, картоптың қамтамасыз етуін жөйі және перспективалары туралы мәселені талқылаған қаланың кеңес мүшелері қала әкіміне мал және құс тұқымын асылдандыруды жалғастыру, негізгі капиталға инвестиция тарту, жер, су және адам ресурстарын тиімді пайдалану арқылы ет, сүт және жұмы-

Ақмет ТАҒЫБЕРГЕН



ЕРЛІГІ МЕН ЕҢБЕГІ – ҰРПАҚҚА ҮЛГІ

«Сарғайса да тарихтың парақтары, сол күндер мәңгі есте сақталады» деп ақындар жырлағандай соғыс зұлматы мен майдангерлер ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Жеңіс – сан сұрапыл сұндырдан өтіп, кескілескен шайқастарда ерлікпен де, еңбекпен де жеңіске ұмтылған өр рухты, ер мінезді батырларымыздың, майдангер-ардагерлеріміздің армандары орындалған күн. Сондай ардагерлеріміздің бірі – Ягуда ЫБЫРАЕВ.

Қаршайдынан әкелен айырылып жетімдікке қоса ашаршылықтың дәмін бір адамдай татып өскен Ягуда Ыбыраевтың өмірі соқтықпалы соқпақтарға толы жолдардан тұрған екен. Бұғанасы қатып, бекімей жатып ауыр еңбекке ерте араласады. Ұлы Отан соғысы басталғанда Ягуда Ыбыраев тепсе темір үзетін 18 жасқа енді толған еді. Ер азаматтардың бәрі майданға аттанғы жатты. Ягуда Әлімұлы да қолына қару алып, алдыңғы шептен көрінуге асықты. 1942 жылы мамыр айында Қарсақбай аудандық әскери комисариатынан міндетті әскер қатарына шақырылады. Чкалов облысының Тоцк деген қаласына барып түседі. Осында екі айлық әскери жаттығу ойындарынан өтеді. Неміс фашистерімен бетпе-бет ұрысқа солтүстік батыс майданында кіреді. Осы майдан құрамындағы 144-ші атқыштар бригадасында автоматшы болып, Псков қаласының түбіндегі қиян-кескі шайқастарға қатысады.

Псков түбіндегі ұрыста қатардағы жауынгер Ягуда Ыбыраев бірнеше шайқастарды бастап өткізіп, жеңіл жаракат алады. Бірде барлаушылармен алдыңғы шепте жүрген қатардағы жауынгер Ягуда Ыбыраевты төрт жауынгермен бірге жау жағына өтіп, тіл әкелуге жібереді. Бұл – өте жауапты тапсырма болатын. Қауіп-қатерге толы осы тапсырманы орындау жолында Ягуда Ыбыраев жауынгерлермен бірге жау жағына жасырынып барып, жан-қиярлық ерліктің үлгісін көрсетеді. Жау траншеясына еш дыбысыз кіріп, неміс солдаттан қолға түсіреді де, келген іздерімен кері қайтады. Қолға түскен жау солдатты полк штабына аман-сау тапсырып, тұтқыннан маңызды мәлімет алынады. Осы ерлігі үшін қатардағы жауынгер Ягуда Ыбыраев, Псковты жаудан азат еткеннен кейін «Жауынгерлік ерлігі» медалімен марапатталады.

Ягуда Ыбыраев 1943 жылы №677-ші полк, 123-ші атқыштар дивизиясының құрамында болып, Ленинград қаласын қорғауға аталысады. Бірнеше рет барлауға шығып, өзіне берілген жауынгерлік тапсырмаларды мұлткіз орындайды. Сол жылдың тамыз айында жас жауынгер үлкен сенімге ие болып, окопта партия қатарына қабылданады.

Майданда жүргенде ел жұртын, туған жері Сарыарқаны, оның бір пұшағы, қасиетті Қарсақбай жерін есінен шығарған емес. Елін ойлаған сайын зұлмы жаудан кегін қайтаруға бекінді.

Жеңіс қашанда жеңілдікпен келмейді, ауыр шайқастар мен жанқиярлық еңбектің арқасында мүмкін болады. Азаттық жолындағы сондай соғыстар Латвия, Беларусь, Польша жерлерінде болды. Сондай қанды қырғынның бел ортасында майдангер Ягуда Ыбыраев та жүрді.

Великий Лук, Невель қалаларын азат ету жолындағы шайқастарда да №667-ші полк, 123-ші дивизия алдыңғы шепте шайқасып, Дунай өзенінен өтеді. Майдан даласында қаншама жауынгерлер опат болады.

Жауынгер Ягуда бұрынғы атқыштар бригадасынан 150-ші дивизия құрамына ауысып, байланысшы қызметін атқарады. Майданда байланысшы болу оңай емес еді. Қауіп қатер жиі кездесетін. Байланысшылар батальон немесе ротаны полкпен жалғастыратын байланыс желілерінің бойында қарша бораған оққа қарамастан зыр жүгіріп жүретін. Байланыс желілерін жалғап жүргенде арқасындағы қапшығын, шинелін бірнеше мәрте оқ тесіп кетті.

Польша жерін азат ету жорығында көрсеткен ерлігі үшін Ягуда Ыбыраев «Ерлік үшін» орденімен марапатталды. Тағы бір жоғары марапат – «Қызыл Жұлдыз» орденін де иеленді. Бұдан кейін Ягуда Ыбыраев «Варшаваны азат еткені үшін», «Берлинді алғаны үшін» медальдарымен, I дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденімен марапатталады.

Қара шаңырақ Қарсақбайдан әскер қатарына алынған қатардағы жауынгер Ягуда Ыбыраев Ұлы Жеңістің қуанышты сәтін Берлин қаласында қарсы алады. Соғыс аяқталған соң Берлиннен әрі 70 шақырым жердегі Эльба өзенінің бойында әскери міндетін атқарып, елге 1946 жылы оралады.


Ягуда соғыста жүргенде үлкен ағайы Хамзе Ыбыраев тыл өндірісінде жүріп қайтыс болады. Хамзе елге белгілі, өте сыйлы, оқпаған адам болатын. Москваның тау-кен институтын бітірген инженер-металлург өмірінің соңында Степняк қаласында білікті маман, өндіріс ұйымдастырушысы болыпты. Ягуда Ыбыраев анасы мен інісін асырау үшін еңбекке белсене араласады. Кешкі мектептен онының класына бітіріп, кейін Алматы қаласындағы есеп-несие техникумын тәмамдайды.

Ягуда Ыбыраев жинақ банкі жүйесінде бірнеше жыл еңбек етіп, қарапайым банк қызметкерінен облыстық деңгейдегі білікті басшы қызметіне дейін көтеріледі. 1973 жылы Жезқазған облыс болғанда облыстық жинақ банкінің басшысы болып қызмет етіп, банк жүйесін дамытуға өз үлесін қосады. Жары Мөкен апай ұлағатты ұстаз, асыл ана, өте мейірімді жан болатын. Ягуда ақсақал Сәбит, Ғалым және Гүлзада есімді ұл-қыз тәрбиелеп өсірген, олардан бес-алты немересі бар. Үш баласы да жоғары оқу орындарын бітірген, өз салаларының білікті мамандары.

Ұлы Жеңістің қандай күшпен келгенін ешбір азамат ұмытпай, соғыс тарихын ұрпақтан – ұрпаққа естелік ретінде қалдырғыны сөзсіз. Азаттықтың ақ таңында өмір сүріп жатқанымыз – соғыстың жеңіспен аяқталуының арқасы. Оны әперген ата-әжелеріміздің ерен еңбегі деп білеміз. Осы ардагерлерге қандай сый-құрмет көрсетсек те, артық болмайды!

Қарлыға НАУРЫЗБАЕВА, Жезқазған қаласы мемлекеттік архиві әдебиет, өнер, жеке қорлар және ақпараттар мен құжаттарды ғылыми пайдалану бөлімінің жоғары санатты архивісі

ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ...



Ел ішінде ол кісіні «Ахмет мұғалім» дейді. Қарсақбайға қандай тағдырмен келгені, өткен өмірі жайлы ешкім нақты білмейді. Жалпы Қарсақбай тарихында ерекше тағдырлы жандар өте көп. Солардың ішінде Қазақ КСР халық ағарту ісін озық қызметкері Ахмедия Жұмабаевтың бейнесі ізгіліктің, ілім-білімнің шырақшасындай көрінеді. Егер ұлы ғалым Қ.Сәтбаев 1929-1941 жылдары тұрған қарапайым жай осыдан 50 жыл бұрын музей үйі мәртебесін алмағанда бүгінгі күні іргетасымен сүріліп кетіп, орнына ескерткіш тақта орнатуға мәжбүр болар едік. Ғалымның Музей-үйімен қатар орналасқан аудандағы тұңғыш орта мектеп ғимаратының орны бүгінде топырақ үйіндісіне айналған. Уақыты тоқтату пенденің қолынан келмес. Бірақ уақыттың белгісін, ескерткішін сақтап қалу Ахмет мұғалім секілді рухани қуаты мықты жаңдардың арқасы. Ол кісі ең алдымен қарсақбайлықтардың намысы мен абыройын ойлаған секілді. Егер бұл ғимарат сақталмаса, Қаныш ағамыздың осы өңірде 15 жыл тұрақтап, өмір сүргенін қалайша дәйектер едік. Ұлы тұлға тұрған үйдің сол қалпында сақталып, осы уақытқа дейін келушілер үзілмеуі Ахмет мұғалімнің көргендігі болар.

Ұрпақ үшін осындай аштарға е атқарған жанның артында ауыз тоқтырып айтар дерек сақталмаған. Өкінішті. Алайда, класс журналының бір бетіне өз қолымен түсірген педагогтік еңбек өлгі жөніндегі жазбасы қалыпты. Онда 1926 жылы Ташкент облысының Шырыш ауданындағы ауыл мектебін басталған мұғалімді қызметі Қарсақбайдағы №1 орта мектептегі еңбек өтілімен қоса есептегенде 31 жыл деп көрсетілген. 1928-1932 жылдары Алматы пединститутында жоғарғы білім алып, 1937-1947 жылдары қалып болып, педагогтік қызметтен шеттетілген. 1957 жылдың 15 наурызында ҚазКСР Жоғарғы Сотының ұйғарымымен ақталып шыққан. Тағдырдың ауыр шығарғанынан өткен жан 1952 жылдан бастап Қарсақбайда тұрақтап қалады. Қызы Ажар Ахмедияқызының айтуы бойынша Ресейдің Псков облысында айдауда жүргенде орыс қызмен отбасын құрып, екі перзент сүйеді. Жұбайы

Алты ай қысы ақ түтек боранды, жазы аптап ыстық Қарсақбайдың адам баласын магниттей тартатын құдіреті бар. Табиғат шіркін шебер зой. Құмоланың шірімінде орналасқан шағын мекен құсұшар бүйкіктен қарасаң тасты әсерін шыққан әзелек секілді. Екі ашаның етегінде ауыл қазығына тапсық тіріліктің қайназына бір гасырдан астам уақыт болыпты. Жосалыдан кірген қара жолдың екі қапталына шашырай орналасқан қалашықтың әрбір сымараты, тіпті әр үйдің ауласы жайлы тамсана, мейіргене әңгімелейтін қарияларды көрдік. «Біз осы Ахмедия мұғалімді ұмытып жүрміз», – дейді бір кездескенде өлкенің ұлы Т. Мұқанұлы. Академик Қ.Сәтбаев Музей-үйін ұйымдастырушы және алғашқы директоры Ахмедия ЖҰМАБАЕВТЫҢ туғанына биыл 115 жыл толды.

ШЫРАҚШЫ

Қарсақбайға келуден бас тартқан соң әркім өз жолын таңдайды.

Білікті ұстаз қатардағы көп оқытушының бірі емес, ғылыми ізденістермен де айналысқанын 1966 жылы 12 сәуірде республика педагогтарының кәсіби басылымы «Қазақстан мектебі» журналынан жолданған бір хат дәлелдейді. А.Жұмабаев аталмыш журналға «Орта мектептің химия оқулықтары туралы кейбір пікірлер» тақырыбында мақала жібереді. Журналдың бөлім меңгерушісі оқулықтардың авторы, шыққан жылдары, талқыланған беттері жөнінде қосымша деректер жіберуін өтініп жауап хат жазады. Демек, ауыл мұғалімін орта мектептерде химия, биология пәндерінің оқытушы сапасы қатты алаңдатқан. Кезінде Қ.Сәтбаевтың қазақ балаларының математика, алгебраны меңгеруіне қам жегеніне үк-



сас ағартушылық ұстаным. Ұлы ғалымның өмірі мен қызметін зерттеуге қызығушылық, Қарсақбайдағы ғалым үйін музейлендіру қызметі А.Жұмабаевтың есімін сәтбаевтанушылардың алғашқы легіне қосары сөзсіз. Ол 1969 жылдан 1978 жылға дейін Сәтбаев шаңырағының шырақшасы, қор сақтаушысы, күзетшісі әрі аула сыпырушысы қызметін қатар атқарды. Үйдің екінші жартысында өзі тұрып, ғалымның отбасы тұрған бөлмедегі үш бөлменің алғашқы экспозициясын жасады. 1970 жылы жергілікті газетте жарияланған



мақаласында «Үлкенге құрметшіл, кішіге қамқоршыл Қанекеннің аялы алақанының саясын мен де көрген адаммын... Жылдан аз ғана уақыт ішінде музейге алты мың адам қона қолды», – деп жазады А.Жұмабаев. 1981 жылы музей аумағы кеңейтіліп, ғимарат толық музей үйі құрамына енгізілді. 2018 жылы «Қазақмыс» корпорациясы демеушілігімен Қ.Сәтбаев тұрған үй мемориалдық қалпына келтіріліп, экспозициясы жаңғыртылды.

Ажар ЖҰМАБАЕВА, А.Жұмабаевтың қызы:

Әкем 1905 жылы Жамбыл облысы Байқадам ауданында дүниеге келген. Өмір бойы педагогтік қызметпен айналысты. Өткен өмірі жайлы шешіліп әңгімеленген жан емес. Зейнетке шыққаннан кейін ақ. Қ.Сәтбаев Музей-үйін ұйымдастырумен айналысты. Ұлы ғалымның отбасы мүшелері, әріптестерімен жақын қарым-қатынаста болды. Ғалымның туған жері Баянауылда болып, қор деректер жинақтады. Әсіресе, Томскіге барған сапары ерекше. Вокзалға түсісімен Қ.Сәтбаев оқыған политехникалық институтқа келеді. Қонақүйде орын жоқ. Институттың кіреберіс дәлізінде қонап шығады. Музейдегі экспонаттарды Алматы, Баянауыл, Томскіні аралап, өз қолымен жинақтады. Қаныш атамның Байғандық туыстары, ауыл ақсақалдары ерекше құрметпен, өмірінің соңына дейін олармен байланысын үзген жоқ. Музейге мыс өндірісінің жетекшілері, Қарсақбай заводы ерекше қолдау көрсетті.

Күләш БАЙҒОНОВА, А. Жұмабаевтың келіні:

Біздің апамыз Рағиға алғашқы жолдасынан ерте жесір қалып, Ахмет мұғаліммен бас қосқан. Бұл кісіні қарсақбайлықтар үлкен жерде білім алған, оқымысты адам деп бағалады. Мен осы үйге келіп болып тұстім. Сол кісінің қолында ұлым 4 сыныпқа дейін оқыды. Апамыз екеуі Нұрлан, Ажар есімді екі ұрпақ көрді. 70-ші жылдары қалаға көштік. Ахмет жеземнің үйінде бір бөлмесі үнемі жабық тұратын. «Осы бөлме неге жабық тұрады. Тәуір, мықты деген кісілер ғана келіп-кетеді», – деп апамыздан сұрайтынбыз. Сөйтсек, ауылдағы білімді деген

адамдардың өзі жездемнен кенесуге келеді екен. Адамдарды сағатпен қабылдайтын, әлгі құпия бөлмеден бірі кіріп, бірі шығып жататын. Қызы Ажарды ерекше еркелетіп «Ажаркени» дейтін. Білімді, ерекше тұлғалы, мәдениетті жан еді.

Рахымберді СЕЙТЖАППАРОВ, туысы:

Ахмет мұғалім туыстық жағынан жездем болып келеді. Бізге 8, 9-сыныпта химиядан сабақ берді. Білімдарлығымен қоса қазақи ұстанымы мықты адам еді. Біздің әулеттің үлкен-кішісін атымен атамайтын, «наймандар» дейтін. Маған қойған жеке есімі «найсап найман». Сабақ арасындағы қонырауда бұфетке барып үлгермейсіз. Жездемнің сабағында балалар маған ақша жинап береді. Жездем тақтаға жаза бастағанда бұғаш шығып, бұфетке барып келемін. Оқушылардың көзіне ұрысатынның білемін. Ессесіне үйге барғанда «Әй, найсап найман, сен ер жетіп, балалы болғанда балаларыңа не айтсаң, бабалы болғанда балаларыңа не айтсаң? Сабақтан қашып кеткенді айтасың ба?» деп ұқпалатын. Ол кісіден көптеген белгілі азаматтар дәріс алды.

Қазі ЕРБОСЫНОВ, білім беру саласының ардагері:

А. Жұмабаев 1955 жылдары маған сабын жетекшісі болды. Бізге химиядан сабақ беретін. «Халық жауы» атанып, қызметтен шеттетілген, қудалауды көп көрген адам. Өте сауатты, байсалды ұстаздың жеке басынан көп тәрбие алдық. Менің көз алдыма ол кісі нағыз ғалым адам ретінде сақталып қалды. А.Жұмабаевтың ұстаздығы бір төбе, Қ.Сәтбаевтың өмірін зерттеудегі, музей ашаудағы қайраткерлігі ерекше еңбек деп есептеймін.

Зейінін ҚАЗАНБАЕВА

Қ.И.Сәтбаев Музей-үйі қорының деректері негізінде дайындалды. Қарсақбай кенті.

Суреттерде: 1. А.Жұмабаев эскурия жүргізуде. 2. А.Имановтың қызы Мөкен апай қолтаңба қалдыруда. 3. Музей үйдің қазіргі көрінісі.

100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ

Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен қолға алынған «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасының бір бағыты – «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында аударылып басылған жаңа 30 оқулықтың таныстырылымы Орталық коммуникациялар қызметінде өтті.

«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы 2017 жылдан бастап іске аса бастады. 2017-2019 жылдарды қамтыған бірінші және екінші кезеңде философия, әлеуметтану, психология, лингвистика, әдебиеттану, өнертану, мәдениеттану, дінтану, менеджмент, маркетинг, кәсіпкерлік, инновация және медиа салалары бойынша 47 оқулық аударылып, еліміздегі 132 жоғары орындарына жеткізілді. Аталған оқу құралдары Қазақстандық гуманитарлық білім мазмұнын түбегейлі түрде жаңартуға қол ашты.

Биылғы жылы іске асқан жобаның үшінші кезеңінде қазақ тілінде 30 жаңа оқулық аударылды. Оқулықтардың жаңа топтамасы кинотану, театртану, өнер, этика, эстетика, медиа, тарих, микро және макро экономика мен бизнес, жеке қаражат, саясаттану, сондай-ақ, азаматтық іс-жүргізу құқығы мен интеллектуалдық меншік құқығы, педагогика және статистика секілді салаларды қамтиды.

Еліміздің мәдени шығармашылық бағыттағы оқу орындарының ұсынысы бойынша, бұл жолғы аударма аясында кинотану, сценарий жазу, театртану, музыка тарихы мен өнертану бағытындағы оқулықтарға басымдық берілді. Өнер академияларынан келген ұсыныстарға сәйкес аталған өнер мен білім салаларында әлемге танымал авторлардың құнды еңбектері таңдап алынды.

Атап айтсақ, француз философы Жил Деләздің «Кино 1. Козгалыс-бейне» және «Кино 2. Уақыт-бейне» атты екі томдық киноны философиялық шығарма тұрғысынан таныстыратын классикалық туындысы тұңғыш рет қазақ тілінде жарық көрді. Сондай-ақ, жанадан аударылған оқулықтардың ішінде кино мен телевизия мамандары үшін аса құнды болар «Киносценарий. Сценарий жазу негіздері» деп аталатын оқу құралы бар. Классикалық негіздегі бұл оқу құралы концептінен дайын сценарий шығаруға дейінгі сатыны нұсқаулық ұсынады. Оқулық 30 рет қайта басылып, әлемнің 20-дан аса тіліне аударылған. Ал кино өнерінің белгілі теоретигі Семен Фрейлихтің «Кино теориясы: Эйнштейннен Тарковскингі дейін» еңбегінің теріс аясы аса ауқымды. Ол классикалық кинодан бастап, заманауи кино теориясына дейінгі негізгі ұғымдарды толық қамтып, сала туралы жан-жақты түсінік қалыптастырады. Тағы бір ерекше атап өту керек оқулықтардың бірі – Д.Бордуэлл бастаған авторлардың қырық жылдық ізденісінен тұған «Кино өнеріне кіріспе» туындысы. Сондай-ақ, Томас Элиассер мен Мальте Хагенердің «Кино теориясы. Сөзім тұрғысынан кіріспе» деп аталатын еңбегі кино табиғатын көрермен мен экран арасындағы байланыстың түрлі ерекшеліктері арқылы зерттейді.

Музыкатану бағытында Кембридж университетінің баспасы дайындаған «Музыка тарихы» деп аталатын екі томдық жинақ қайта орлеу кезеңінен постмодернге дейінгі музыка

30 ОҚУЛЫҚ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ



тарихын жан-жақты қарастырып, түрлі халықтардың музыка тарихынан хабар береді. Ал кейінгі жылдары жеке гуманитарлық пәнге айналған Кристофер Балмың «Театртану» оқулығы театр өнерін түрлі мәдени және тарихи астар арқылы түсіндіруге арналады. Театрдың аса күрделі табиғаты мен оны түрлі көзқараста зерттеу мүмкіндігін көрсетуге ден қойылған.

Белгілі ғалым, жазушы, ұзақ жылдар Ресей ғылым академиясы Әлем әдебиеті институтының теория бөлімін меңгерген Юрий Боревтің «Эстетика» еңбегі заманауи эстетиканың негізгі мәселелерін жан-жақты талдайды.

Медиаға арналған мәтін жазу қағидаларымен таныстыратын «Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу» оқулығы да алғаш рет қазақ тіліне аударылды. Бұл еңбек оқырманға телевизия, радиомен қоса, онлайн медиаға мәтін жазудың өзіндік тәртібі мен ережелерін қарапайым әрі жүйелі түрде түсіндіреді.

Тарихи білім саласы бойынша бірқатар үздік еңбектер қамтылды. Тарихи білімнің қосылуы процессін кешенді түрде зерттеген «Тарих білімінің тарихы», тарихи-антропологиялық бағыттағы ізденістерді топтастырған «Тарихи антропология», әлемнің этностық бет-бейнесімен таныстыратын «Тарихи этнология» оқулықтары жарық көрді.

Заң және құқықтану салаларын қамтитын бірқатар маңызды оқу құралдары да бар. Танымал ағылшын заңгері, құқықтанушы Нил Эндригустің 2 томнан тұратын «Азаматтық іс-жүргізу: Сот өндірісі», «Азаматтық іс-жүргізу: Медицина және арбитраж» оқу құралдары, ағылшын келісімшарт құқығы тақырыбына арналған «Келісімшарт ережелері» атты оқулығы азаматтық іс жүргізу, медицина, арбитраж, ағылшын келісімшарт құқығы туралы жан-жақты ақпарат береді. Оксфорд университеті баспасынан шыққан 3 томдық «Интеллектуалдық меншік құқығы» оқу құралы авторлық құқық, патент, тауар белгісі тақырыптарына шолу жасайды. Бұл – зияткерлік меншікті қорғау тәртібі мен қазіргі халықаралық тәжірибеге арналған қазақ тіліндегі тұңғыш кешенді оқу құралы.

мен қазіргі мәселелері» оқулығының 9-басылымы, танымал философ ғалым Джонатан Уолфтың «Саясат философиясына кіріспе», Оксфорд баспасынан шыққан «Әлемдік саясаттың жанданып: халықаралық қатынастарға кіріспе» туындылары студенттер және оқу жылынан бастап қазақ тіліне оқылды.

Аударылған еңбектердің ішінде өте жылдам өзгеріп жатқан білім саласының соңғы жаңалықтарымен таныстыратын «Білім берудегі зерттеулер», бұған дейін қазақ тіліне аударыла қоймаған «Статистика негіздері», «Зерттеу жобасын жүргізу» оқулықтары да бар.

Экономика және жеке қаражат бағытында білім беруге қажетті оқулықтар қатарына Майкл Паркиннің «Макроэкономика», «Микроэкономика» еңбектері қосылды. Сондай-ақ, Е.Томас Гарман мен Рэймонд Е.Фортың әрбір адамға жеке бюджетін жоюарлап, оны тиімді басқаруға үйрететін «Жеке қаражат» оқулығының 13-басылымы ерекше атап өту керек. Бұл еңбек Қазақстан жағдайына арнайы бейімделіп, біздің заңдар, қазақстандық қаржы және несие жүйесі, зейнетақы, сақтандыру, инвестициялар тәжірибесіне сәйкес қайта құрастырылды.

Мұның барлығы – ондаған тілге аударылған, әлемдік гуманитарлық білімнің дамуына зор үлес қосқан, әрқайсысы өз саласында жаңа ұғымдар жүйесін қалыптастырған айтулы еңбектер. Бұл оқулықтардың қазақ тіліне аударылуы қазақстандық жоғары мектеп пен ғылыми ортаны күшейтуіне, терминологияны біріздендіріп, тіліміздің заманға сай әлеуетін арттыруға зор үлес қоспақ.

Жоғарыда аталған 30 оқулықтың әрқайсысы 10 мың дана басылыммен шығарылып, еліміздегі 132 ЖОО-ға таратылады. Оқулықтардың электронды нұсқалары «Қазақстанның ашық университеті» (www.open.kz) порталына орналастырылып, интернет арқылы еркін қолданысқа берілді.

Сондай-ақ, аударылған және аударылып жатқан оқулықтардың негізінде қазақ және орыс тілдерінде мультимедиялық онлайн курстар әзірленіп, олар «Қазақстанның ашық университеті» (www.open.kz) порталына жүктелді. Курстарды дайындауға еліміздің үздік университеттерінің оқытушылары мен профессорлары атсалысты.

Аударма және басылымдарды дайындау жұмысына Қазақстанның алдыңғы қатарлы оқу орындарының ғалымдары, тәжірибелі аудармашылар, тілшілер мен әдебиетшілер ортасынан іріктелген редакторлар, жалпы саны 300-ден аса маман қатысады.

Жоба аясында әлемдегі оқулық шығаруға маманданған «Cambridge University Press», «Oxford University Press», «Pearson», «Cengage», «Penguin Random House», «McMillan» және басқа да ірі халықаралық баспа үйірлермен әріптестік қарым-қатынас орнаған.

Жоба ҚР Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қорының үйлестіруімен жүзеге асады.

Ұлттық аударма бюросының баспасыз қызметі

АЛТЫН ОРДА – 750

ҰЛЫТАУ – ҰЛЫ ДАЛА КЕҢІСТІГІНДЕГІ ТҮРКІ ТЕКТІ ХАЛЫҚТАРДЫҢ ТАРИХИ ӘРІ САЯСИ ОРТАЛЫҒЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)



Ал «Ескендір анонимінде» Тоқта ханның өлімінен кейін Жошы ұлысының екіге бөлінгендігі туралы айтылады: «После этого улус Джучи разделился на две части. Те, которые относятся к левому крылу. То есть пределы *Улус-тага*, Секиз-ягача и Каратала до пределов Туйсена, окрестностей Джен-да и Барчкенда, утвердились за потомками Ногай, и они стали называться султанами Ак Орды».

Бұл мәліметтер Ұлытау өңіріндегі Ұлық ұлыстың саяси, тарихи мәні мен маңызын ашып, жаңа ойларға жетелері анық.

Ұлытау өңірінің ортағасырлық тарихтан көрініс алатын кезі Әмір Темір, Едіге есімдерімен байланысты.

Әмір Темірдің Ұлытау өңіріне алғаш аяқ басыу Низам-ад-дин Шамидің «Зафарнаме» шығармасындағы мәліметтерге сүйенсек, шамамен 1387 жылдың күзінде еді. Бұл оқиға Тоқтамыстың Әмір Темірден бөлектеніп, Түркістан өлкесіне жорық жасауынан басталды. Низам-ад-дин Шамидің жазбасы бойынша, Тоқтамыс Ходжент өзенінен өтіп, оның әскерінің авангарды Зернук деген жерге дейін жетті. Темір әскер жинап, Ходжент өзенінде қарсыластың әскерін жеңіліске ұшыратты. Одан кейін Темір әскерлері қарсыластарына түнгі шабуыл жасап, қарсы жақ Арыс өзеніне өтіп қашады. Темір әскерімен қашқан әскердің соңына түсіп, Ходжа-Шейхты, Тублақты, Қараханды, Аман-шахты және Дәулет-шахты қырық сарбазымен барлауға жібереді. Олар Сары-өзен деген жерде Тоқтамыстың қараулы әскерімен кездесіп қалып, шайқасқады. Мұндағы Сары-өзен деп аталатын жер – Ұлытау өңірі арқылы оңтүстікке қарай ағып өтетін Сарысу өзені. Қайтып келе жатқанда барлаушылар Қыдыр-тарханға кездесіп қалады. Низам-ад-дин Шамидің оқиға «жүз шақты шаңырақ болды» деп жазады. Ұлкен ұрыс болып, Қыдыр-тарханды тұтқындаған әскер, оның үйлерін және мал-мүлкіні Ақсүме деген жерге апарды. Одан кейін Темір әскерлерімен «Урунг-Чағыл арқылы өтіп, Биланға келді, Сары-өзеннен және Курчуннан өтіп, Ал-Кушунда тоқтайды». Курчун — Ұлытау өңіріндегі Күршің құмлары болуы керек.

Темірдің жорықтары туралы Шереф-ад-дин Йезидің «Зафарнамесінде» де баяндалады. Жошы ұлысының тарихына қатысты материалдар жинағын дайындаушылардың түсініктемесінде Шереф-ад-дин Йезидің өзінше шығармасында Низам-ад-дин Шамидің «Зафарнаме» еңбегін пайдаланғандығы айтылады. Екі шығарманың мәтіндері бір-бірімен үқсас екені, епбекті оқыған адамға белгілі.

Әмір Темірдің Ұлытау өңіріне екінші рет келуі Дешті-Қыпшаққа жорығымен байланысты. Низам-ад-дин Шамидің «Зафарнамесінде» Әмір Темірдің 1391 жылы Қара-Саман деген жерден Дешті Қыпшаққа жорығын бастағаны жазылған. Осы деректе Темірдің Ұлытау жерінен жүріп өткен бағыты келесідей сипатталады: «Пройдя Карачук, шли еще 15 дней. От безводья много лошадей погибло. 1 числа джумади (=6.IV) прибыли в местность Сарыг-узен и воды стало много. Пробыв несколько дней, они искали переправу и перешли через речку». Әмір Темір бұл жорығының бастапқы кезінде алғашқы белген бағытымен жүрген болса керек. Сондықтан Низам-ад-дин Шамидің Темір әскерінің Ұлытау өңіріне жеткенге дейінгі жолын атамайды: «21 (того же) месяца (=26.IV) войска прибыла *Кичик-даг*, выступили оттуда и через две ночи, в пятницу, достигли *Улус-дага*. Тимур взшел на вершину горы, осмотрел (местность), (эта была) степь и в степи – пустыня. Он остановился там на тот день и приказал, чтобы все воины принесли камни и построили там высокий знак. Каменотесам он приказал изобразить на нем высочайшее имя и дату этих дней, дабы на лице оставалось воспоминание об этом походе». Бұл жерде айтылатын Кичик-даг пен Улуд-даг қазіргі кездегі Кішітау мен Ұлытау таулары екені анық.

Әмір Темірдің «жорықты тарихта қалдыру» мақсатындағы тасқа қашатқан жазуы Ұлытау өңірінде, қазіргі Сарық ауылынан 12 шақырым жерде орналасқан Алтыншоқы деген жерде өткен ғасырдың 30-жылдарына дейін сақталып тұрды. 1935 жылы ол тасты академик Қ. И. Сәтбаев тауып, өзінің «Жезказған ауданындағы тарихқа дейінгі ескерткіштер» мақаласында

жариялайды: «В 30 км на запад от Улугтау, на вершине горы Алтынчоку, возвышающейся над богатыми пастбищами долины рек Сорелы и Джетыкызы, имеются развалины какого-то древнего сооружения, сложенного из кирпичи и красивых амфиболитовых плит с ошлакованными и глазурованными поверхностями. Рядом с развалинами несколько ниже по склону горы, установлена каменная плита из тех же темных амфиболитов, на которой красивым арабским шрифтом высечены на камне 10 строк письма на арабском языке». Бұл тастағы жазудың Темірдің Дешті-Қыпшаққа жорығының айғағы екенін жаза отырып, тасқа Ленинград Эрмитажының директоры академик Орбели қызығушылық танытқанын, 1936 жылы Эрмитаждың ғылыми қызметкері Морозов келіп, тасты Ленинградқа алып кеткенін жазады.

Темірдің Дешті-Қыпшаққа жорығына қайтып оралатын болсақ, Ұлытау тауларынан кейін, ол осы өңірді тастап, жорығын жалғастырады: «Выступив оттуда и охотясь, они достигли местности Иланчук и отстановились (там). Перейдя через реку Иланчук, через 8 дней они прибыли в местность Анакаркуню». Осыдан кейін Әмір Темір әскерлерімен Ұлытау өңірінің жерінен шықты.

Едіге бидің тұлғасы батыс (орыс) және шығыс деректерінде өте жағымсыз жағынан баяндалады. Араб тарихшысы ибн-Арабшах қана Едіге мырзаның бейнесі мен істерін екі жақты қарастырған.

Қазақтың ойыпты ғалымы Қадырғали Жалайыр Едігенің шығу тегін былай баяндайды: «Әуелгі бабасы Әмір әл Момын Әбу Бәкір әл Садық Рази алланың төрт ұлы бар еді. Екеуінен кішісі – ұлысы, оның аты Мұхаммед еді. Оның ұлы Сұлтан Каиб, оның ұлы Сұлтан Хамид. Оның ұлы Сұлтан Халид, оның ұлы Сұлтан Қайдар. Оның ұлы Сұлтан Маулид, оның ұлы Әбу-л-фана, оның ұлы Сұлтан Сәлім. Оның ұлы Сұлтан Садық, оның ұлы Сұлтан Әбу-л-хак. Оның ұлы Сұлтан (Осман еді). Оның ұлы Жалаладдин. Оның екі ұлы бар еді, бірінші аты – Адхам және бірінші аты Баба Туклас еді. Баба Тукластың белгілі үш ұлы бар еді. Бірінші аты Аббас, бірінші аты Абдрахман Хожа. Үшінші ұлының есімі Тырма атты еді. Бұл Тырма Еділ-Жайықта (Хасил) каза болды. Оның ұлы Карачи атты еді. Ол да Еділ-Жайықта каза болды. Оның ұлы Ислам Қия, ол да Еділ-Жайықта каза болды. Оның ұлы Күтлу Қия, Құмкентте каза болды. Оның ұлы Едіге би (Алла оған рақым етсін). Күтлу Қияны Урус хан шаһид қылды».

Ибн-Арабшах Едігенің бет-бейнесін: «Ол қонырқай оңд, орта бойлы, толық денелі, жаужүрек, түрі қорқынышты, өте ақылды, көреген және тапқыр адам еді», – деп сипаттайды. **Жалпы, ибн-Арабшах Едігенің өміріне байланысты көп мәліметтер келтіреді.** Тарихи аренада Едіге Тоқтамыспен қатар пайда болғаны белгілі. Низам-ад-дин Шами мәліметтері бойынша, ол уақытта Темір Бұқара маңында болған, ал Тоқтамыс хижраның 778 жылы (1376 – 1377 жж.) Орыс ханның баласы Тоқтақиядан жеңіліске ұшырап қашқанда, Темірдің ордасына Орыс ханнан қашып Жошы ұлысының әмірі Едіге келіп, оның Тоқтамысқа қарсы үлкен әскермен аттанғаны туралы хабарды әкеледі. Кейіннен 1391 жылға дейін Едіге Ақсақ Темірге қызмет етіп, Тоқтамысқа қарсы күресінде көмектеседі. Шереф ад-дин Йезиді Әмір Темірдің Тоқтамысқа қарсы Дешті-Қыпшаққа жорығында Темір Құтылық оғлан, Күнше оғлан және Едіге жолбастаушы (қылауыз) қызметін атқарғандарын жазады. Шереф ад-дин Йезиді жазбасындағы бір қызық мәлімет, Темір әскерлері Сарысу өзенінен өткен кезде «Едігенің екі нөкері түнделетіп Тоқтамысқа қашты, Темірдің жіберген қуғыншылары оларға жете алмады» деп жазады. Бұл мәліметке қарағанда, Едіге қаншалықты Темірдің жақтағы болса да, түпкі ой-мақсаты өз мемлекетінің жағдайы болғанға ұқсайды. Тоқтамыс жеңіліске ұшырағаннан кейін Едіге Темір-Құтылық және Күнше оғландармен бірге туған жерге оралады. Бұл туралы Низам-ад-дин Шами былай деп жазады: «Дело обстоит так, что Кунче-оғлан, Тимур-Кутлуг и Идигу, которые были старинными врагами Тоқтамыш хана, пришли искать убежища у Тимура. Он встретил их с почтением, оказал им всяческую ласку и милость и пожаловал им драгоценные камни, золото, шапки и пояса.

(Теперь) преклонив колена, они просили: «Если выйдет высочайшее указание, мы пойдем по своим домам, приговорив их для переселения и придем к его величеству». Тимур согласился на их просьбу и приказал, чтобы никто не трогал их домов и иля; он поставил условие, чтобы они вскорости пришли с семьями и родными и были бы обнаджены еще большими милостями. С этим условием и обязательством они ушли. Однако, как только они прибыли свои дома, то сделали своим лозунгом неверность, стали забывать обещанное и не соблюли своего слова. Тимур-Кутлуг-оғлан сел на царство». Бұдан Едіге мен Темір Құтылық Әмір Темірдің мүмкіндігін пайдаланып Жошы ұлысын біршама болса да қалпына келтіруге бар күштерін салғандығын анық көруге болады. Едіге «Алтын ұрық» ұрпағы болмағандықтан, хан болуға құқығы жоқ екенін біліп, Орыс ханның немересі Темір-Құтылық оғланды хан көтеріп, Алтын Ордада билік құрады. 1397–1398 жж. Темір-Құтылықтың жарлығы бойынша Жошы ұлысының барлық әскерінің басшысы Беклербек болып жарияланады. Темір-Құтылықтың хан болуымен, нақты Едігенің билік құруы кезеңінде Алтын Орда аз уақытқа болса да қайтадан күшейеді. Тіпті, Әмір Темір қайтыс болғаннан кейін, 1406 жылы Хорезмді өздеріне қаратып алады. **Он бес жылға жуық Жошы ұлысында билік құрған Едіге 1410–1411 жылдары шамасында Тоқтамыстың Жәлел-ад-дин бастаған балалары және өзі таққа отырғызған Темір хан қарсы шығып, Хорезмге қашуға мәжбүрлейді.** Тек Жәлел-ад-дин мен Темір хан арасындағы қақтығыс Едігенің күйреуін аяқсыз қалдырады. Темір ханның қол астындағы Ғазан деген әскербасы сатықныдық жасап оны өлтіріп, Жәлел-ад-дин жағына шығып кетеді. Едігені құртуға келген Жәлел-ад-диннің әскері жеңіліске ұшырап, Едіге Хорезмде билік құрады.

Едігенің өліміне байланысты мәліметтер ортағасырлық авторлары әл-Айни мен ибн-Арабшах жазбаларында сақталған. Мысырлық тарихшы, Едігенің замандаасы әл-Айнидің жазуы бойынша, 1419 жылы Едіге Тоқтамыстың балаларының бірі Қадірбердімен шайқасқады: «У Тоқтамышхана был сын по имени Кадирберди, который постоянно воевал с Идики (*Едіге*). – Қ.Ә.) из-за царства. В этом, т.е. 822, году Кадирберди (снова) пошел на Идики; а Идики (со своей стороны) выступили против него. Встретились они, и произошли между ними бой великий и сражение ожесточенное». Осы шайқас барысында Қадірберді каза тауып, Едіге ауыр жараланады. Бұл туралы әл-Айнидің жазбасында «Кадирберди (сам) был убит во время схватки, и соратники его бежали. Идики также же поражен множеством ран, и войска его также обратились в бегство» деп айтылады. Едіге Қадірберді жеңіске жетті екен деп қашады: «Идики бежал, предполагая что Кадирберди победил. Покрытый ранами, он прибыл в одно (отдаленное место)». Әл-Айнидің айтып отырған «алыс жер» Ұлытау таулары болуы керек, себебі Едігенің жерленген жері Едіге деп аталатын тауда орналасқан. Әл-Айнидің жазуы бойынша, Едіге 1419–1420 жж. каза тапқан. Ал, Б.Д.Греков және Ю.А.Якубовскийдің зерттеуінде Едігенің 1419 жылы тірі болғандығы туралы Польша тарихшысы Ян Длугоштың мәліметтері келтіріледі. Онда Едігенің Польша королі Витовтка елшілік жібергені айтылған екен. Олар шайқастың Сарайшық қаласының тұсында болуы мүмкін екендігін атап өтеді. Қ.Жалайыр «бұл Едіге би алпыс үш жасында опат болды» деп жазады.

Ұлытау тауларының бір сілемі Едіге тауы. Оның басында Едігенің тастан қаланған бейіті бар екені ертеден белгілі. Бұл туралы Мәшһүр Жүсіп шешірсінде мынандай аңыз бар: «Ер Едігенің өзі тұрақ қылған жері Ұлытау, Кішітау екен. Өзі өлерінде Ұлытаудың басында отырып, Кейкуаттың сөзінен құса болып жарылып өлген екен. Сонда өлерінде айтқан екен: «Мені бұл жерге жер қазып көмбелдер, қорған тас қалап қойындар, Нұралы жер үстінде бар болса, «Ат айналып қазығын, дірмен айланып шүмегің табар», — дегендей бір табар. Сонда мені Қаратаудың бауырында Қарақалпақ атасы Созақтың қара обасының қасында Бабай түкті Шашты Әзіз атам бар, соның қасына апарып қойсын деген өсиетімен денесін сонда апарып қойған

екен. Ұлытаудағы аманат қойған екен. Ұлытаудағы аманат қойған жайын «Ақ мешіт әулие» деп атап кетінгі» деуі, ойды сан-саққа жүгіртірі анық.

XV ғасырдың орта тұсында құрылған Қазақ хандығының саяси тарихында Ұлытау жері мемлекеттердің тағдыры шешілген ірі қақтығыстардың орталығы һәм күзгері болған еді. Сондай оқиғаның бірегейі – Ұлытау шайқасы.

1505-1510 жылдар аралығында Мұхаммед Шайбани хан қазақтарға қарсы төрт рет жойқын жорықтар ұйымдастырады. Оның алғашқы үшеуі біршама табысты өтеді. Осы үш жорық барысында Сыр бойында қыстайтын Жәнібек хан ұлдарының ұлыстары көп шығынға ұшырайды. Сол жылдардағы қазақ билеушісі Бұрындық хан тарапынан жауға қарсы ешқандай қарсылық ұйымдастырылмайды. Бұл жағдай оның ел ішіндегі беделін түсіріп жібереді. Үш жорық барысында бірнеше қазақ ұлыстары талан-тарағқа түскенімен Мұхаммед Шайбани хан өзінің түпкі мақсаты – Қазақ хандығын бағындыруды жүзеге асыра алмайды. Сөйтіп, ол 1510 жылы қазақтарға қарсы өзінің төртінші, соңғы жорығын ұйымдастырады. XV ғасырдың соңғы жылдары жасалған келісімдер мен туысқандық байланыстар Керей хан ұлдары мен Жәнібек хан ұлдары арасына сызат түсіреді. Бұрындық ханның Мұхаммед Шайбани ханмен жасаған туыстық байланысына қарсылық жетінде Жәнібек ханның ұлдары Моғолстан ханымен туыстық байланыстар орнатады. XVI ғасырдың басындағы Мұхаммед Шайбани ханның алғашқы үш жорығында Сыр бойындағы Жәнібек хан ұлдарының ұлыстары талқандалады. Бұрындық хан тарапынан ортақ жауға қарсы ешқандай әрекеттер жасалмайды. Бұл да Қазақ хандығының негізін салушылардың ұлдары арасындағы сызаттың тереңдей түскенін көрсетеді. 1510 жылғы Ұлытау шайқасы қарсаңындағы Қазақ хандығының билеуші топтары арасындағы жағдай осындай болатын. Бұған дейінгі жорықтар секілді бұл төртінші жорық та қыс айларында басталады. Өйткені, қазақ ұлыстары шаруашылық жағдайларына байланысты қыс айларында бір-бірінен өте алыс орналасатын және әрбір ұлыс көрші ұлыста не болып жатқанынан бейхабар болатын. Сол кезде Қасым ханда 200 мыңнан аса әскер болған еді. Қыста оның әскерлері әр жерде қыстап шығатын. Осындай заңдылықты жақсы білетін Мұхаммед Шайбани хан қазақтарға жорықтарын тек қыста ұйымдастырып отырды. 1510 жылдың қысында шибианиялық билеуші көп әскермен Дешті-Қыпшақ аумағына басып кіреді. Ханның өзі Сыр бойындағы Көк Кесене деген жерде қалып, ұлы Темір сұлтан мен немере інісі Ұбайдаллах сұлтан бастаған барлық әскерді Ұлытау маңындағы Қасым ханның ордасына аттандырады. «Қасым ханның ордасына Темір сұлтан мен Ұбайдаллах сұлтан бастаған әскер кенеттен сокқы берді. Қасым ханда оларға қарсы тұрарлықтай күш болмады. Сөйтіп, оның Ұлытаудағы Ордасы мен ел-жұрты сұлтандардың қолына түсті. Тәжірибесі аз жас сұлтандар жеңістерін бірнеше күн бойы Қасым хан ордасында тойлап, қарсыластарынан ешқандай қауіп күтпеді, жау бар екенін естеріне де алмады, күзет те қоймады». Одан арғы оқиғалар барысы Абдаллах Балхи мен Мұхаммед Хайдар Дулати еңбектерінде былайша жалғасады: «Қасым хан шибианиялық сұлтандардың қаннен-қаперсіз екенін білгеннен соң, жағдайдың бәрін анықтау үшін барлауға өзінің сенімді адамдарының бірі - Мойыншыз Хасен деген батырын азғантай адамдармен жібереді. Қасым ханның батыры қарауылы жоқ ордаға өте жақын келіп, Қасым хан келіп қалды деп қауестер таратады да, тікелей ұрысқа түспей алыстан қарасын көретіп отырады. Қатты қорқып қалған шибианиялықтар бір-біріне қарауға мұршалары келмей, бойларын үрей билеп, қаша бастайды. Ешкімнің ойына қарсылық көрсету туралы ой да келмейді. Шайбани ханның әскерлері, сірә Қасым ханның өзі келген екен деп ойлап, алған олжаларының бәрін тастап, Шайбани ханға қашып келеді», «Жау тасадан шығып, ұрыс салды, ұрыс майданында көп адам қаза тапты. Сол ұрыста Шайбани ханның аға бегі Қамбар мырза қаза тапты. Әскердің барлық қару-жарағы қазақтардың қолына түсті. Қашқан шибианиялық сұлтандар аянышты күйде Шайбани ханға келіп қосылды. Олардың соңынан өкшелей қуған қазақтар тағы да Шайбани ханның көп адамының көзін жойды. Олардың ішінде ханның ең жақын серіктері көп еді». Қазақ хандығының тарихын зерттеуші ғалым Берекет Кәрібаев осы оқиғаны төмендегідей тұжырымдайды: «Ұлытау шайқасындағы қазақтардың жеңісі – бір жағынан, қазақ халқының тәуелсіздігін сақтап қалса, екінші жағынан, бүкіл «мұсылмандардың қорғаушысы» болуға ұмтылған Мұхаммед Шайбани ханның

Иран мен Ирак бағытына жасалатын болашақ жорықтарына тосқауыл болып саналды».

Ұлытау өлкесінде XIX ғасырдың орта тұсында өмір сүріп, шешірге Бағаналының төрт босағасы болып енген аға сұлтан болған Ерденнің әкесі Сандыбай, Қадір би, Шегір би, Бабыр би жайлы деректер ел аузында әлі күнге дейін сақтаулы.

Бағаналының төрт босағасын құрылуы, төрт би сайлау көптің мақұлдауымен шешіледі. Сайланатын билерге де төрт талап қойылды. Олар біріншіден, елдің қыстауы мен жаз жайлауын кеңейтіп, жаңадан жер өперген кісі болуға тиісті, екіншіден, ел басқарып, көпті сөзіне ұйытқан адам болуы керек, үшіншіден, әрісі Үш жүз бас қосқан, берісі көрші ағайындармен жиынға қатысып, суырылып шығып сөз бастаған әділ билік айтқан би болуы шарт, төртіншіден, руы өсіп-өнген, беделді, ұран тасталса, бір ту астына жиналар сайыпқыран жігіттері көп, қол бастайтын жүректі адам болуы керек. Бағаналының төрт босағасы Қадір, Сандыбай, Бабыр, Шегір – бірі би, бірі батыр, бірі әулие, бірі ділмар шешен еді. Олар XVIII-XIX ғасырлардың ортасында өмір сүрген. Бұл қазақ қауымының өміріндегі құбылмалы, қиын және қасіреті кезең еді. Ұлытаудың төрт бұрышын күзетіп, ел ішін әділдікпен билеген. Ел іші болған соң, жер дауы, жеріс дауы, барымта дегендей, дау-ламай болмай тұрмайды, әрине. Луладе бір сондай дау қуған жандардың аяғы Ұлытауға іліксе, қуғыншы келген тұста отырған бидің ауылы алдынан ақ үйі тіктіріп, қой сойып қарсы алатын бопты. Жата-жастанған қонақтың көңілі әбден жайланды-ау деген күні төрт би түгелімен «Ассалаумағалейкум!» деп есіктен кіріп келді екен. Атлақты төрт бидің бәрі алдына сау етіп кіріп келіп, керек жерінде түйінді мәселені төрелігін айтқан соң, дау қып келушілер айтар сөзін айта алмай абырған, «Төртеу түсіп келсе, төбелегі келеді» дескен осы екен ғой деп, қайта өздері ат-тон айыбын төлеп құтылатын болыпты. Бабыр би Бөкенбайұлы 1770-1864 жылдары өмір сүрген. Соқыр адамның көзін ашатын емші, көріпкел болған, сүйегі Түркістанда, Әзірет Сұлтан кенесінің қасына жерленген. Әйелдер босана алмай қиналғанда, Бабыр би бір Аллага жалбарынып, қамшысын жоғары қарай сілтеп қалғанда, іште жатқан бала шар етіп жарық дүниеге есігін ашатын болыпты, дейді ел ішіндегі аңыз.

Елді ауыз бірлікке, татулыққа шақырған. Жасы үлкен билердің өзі күрделі мәселені төрелігін Шегір биге айтқызыатын болған. **Шегір бидің:** «Қасиетті Қодір аға, Ұлытаудың күн сүйген шығысын сізге, батыс бетін Бабыр көкеме, теріскейін Сандыбай ағама, Әзіме оңтүстік-шығысын еңшіге бөлімді» дегені, сондай-ақ «Ұлытау жерін құдай жаратты, бөлуін Шегір бөлімді» деген сөз ел жалында сақталып қалған. Қазақ этнотарихының билігі Ақселеу Сейдімбек «Балталы, Бағаналы ел аман бол» атты шешіре кітабында былай деп жазады: «Билікті Қадір биге жүктеген екен, алайда ол ағайынның көңіліне қарап, өздерің бөле берсендерші» депті. Сонда Шегір отырып: «Екі Кенгірді Сары Сарғалдақ пен Жырық алысн (мұнысы Сарыкентіргі мен Қаракентіргі Ерден мен Қадір би алысн дегені), екі Жездіні Ибеске мен Жұртшы алысн (мұнысы Ұлкен Жезді мен Бала Жездіні Бабыр елі қоныстансын дегені), Ырғайлы өзені мен Байқоңыр өзенін Ақтазға берендер (мұнысы өзін айтқаны), – депті. Сонда Қадір би: «Оу, Бозжорға-ау (Шегірді осылай атайды екен), мұның не?» – дейді. Бұған Шегір: «Қалағанныңды өзін ал, тастағанныңды ініне бер», – деп жауап беріпті. Осымен бітімге келіп, келісіммен тарқасып еді», – дейді. Осы биліктен кейін: «Ұлытауды жаратуын Құдай жаратқанмен, бөлуін Шегір бөлген» деген сөз қалған.

Қадір би зерттеуші Қ.Т.Аппазовтың дерегіне 1770 жылдары дүниеге келіп, 1855 жылдары 85 жасында дүниеден озған.

Бағаналы елінде ағайынды Төлек пен Тулақ – елге есімі жайылған батырлар екен. Төлек қартайған шағында жауға аттанғанда баласы Сандыбайды ертпесе керек. Бірақ сайланып аттанған қолға елеусіз қосылған баласының ұрыстағы ерен қимылын көрген Төлек батыр қол жайып, бата беріпті деседі. 16 жастағы Сандыбай сол ұрыста батыр атанып қайтыпты. Ел ішінде «Сандыбай салған сара жол, Ерден тоқтаған көл» деген қанатты сөздер сақталған. Ел мен жерді сыртқы жаулардан қорғауда ерекше көзге түскен Сандыбай құрметіне бағаналы баласының жауға шабардағы ұраны – «Сандыбай» болып бекітілген дейді ел аузындағы аңыздар. Шегір биді – би, Қадірді – пір, Бабырды – мырза деп санаған жұрт. Осындай атақ-абыройлары асқақтаған төрт босағаның жарқын бейнесін бүгінгі ұрпаққа таныстырып, өз заманындағы ел қамын жеген ерлердің құрескерлік, азаматтық кескін-келбетін ашықтап, ұрпақтың дүниетанымын кеңейте түсу, оларды лайықты ұлытау – болашақтың ісі.

Ұлытау өңірі – түркі жұртының басын қосып, қазақ халқының құру идеясы туған топырақ. Бұл жерде ел жайын, ел ертеңін, апады күнің қандай болатынын болжайтын, майайындағы халқыты осы мәселе төңірегінде ұйымдастыра білетін тұлғалар өмір сүрді. Олар – ел бастаған хандар, қол бастаған батырлар, алқалы жасында сөз бастаған билер мен шешендер. Сондықтан осы мол мұраны жинақтап, зерттеу бүгінгі күнің басты міндеттерінің бірі болса керек.

Қабдол ӘУЕЗОВ,
тарих ғылымының магистрі

ТАҒЫМ

РУХЫ БИІК ЖАН ЕДІ

Біздің өмір бір-ақ атпа – жеті күн, Мүмкін емес мәңгілікке жетуің, Дүйсенбіде туған адам, тағдыр-ай, Жексенбіде керек қайта кетуің.

Шап ағарып, ақыл кіре, білдік қой – Жастық шағың, ол да бір-ақ күндік қой. Бір ісінді тындырам деп жүргенде, Жұма – қарттың жетері де шынық қой.

Зинаида ЧУМАКОВА



зылып, романс және эстрада түрінде орындалып жүр. Жиырма үш еңі топтастырылған «Ренессанс моей души» атты алғашқы әндер жинағы-альбомы 2006 жылы жарыққа шықты.

Мәдениет саласында 40 жыл еңбек атқарған ол мәдениет сарайының көркемдік жетекшісінен бастап, қалалық мәдениет бөлімінің басшысы қызметтеріне дейін жоғарылады. Көптеген қалалық және облыстық мерекелік іс-шаралардың, фестиваль мен конкурстардың режиссері, сценарийін жазушы және жүргізушісі.

Зула Супьянкызы Чумакова ұзақ жылдар бойы ХХ ғасырдағы саяси қозғалыстарды зерттеумен айналысады. Ол қазақ жеріне жер аударылған кәріс, неміс, грек, поляк және Солтүстік Кавказ халықтары жайлы материалдарды жинақтады.

Ресейдің, Қазақстанның, Украинаның ірі мұрағаттарында ізденіс жұмыстарымен айналысты. Шешенстанның және Ингуштияның жер аударылғандарымен, Степлаг Карлаг тұтқындарымен, көптеген тарихшылармен және саяси қозғалыстардың қуәгерлерімен кездесіп, тауу және алыс шетелдер тарихи музейлеріне, сонымен қатар Түркия, Мысыр, Түркістан мешіт-музейлеріне барып қайтты. Осы жылдар ішінде аталған тақырыпта ауқымды материалдар жинақталып, көптеген мақалалары баспаөз беттерінде басылып шықты.

Қазақстан халықтарының өнері мен мәдениеті, сал-серілер, айтыскерлер, жыр-мұшәйралар, қобыз өнері, қазақ фольклоры, салт-дәстүр және саяси қуғын-сүргін құрбандары болған Степлаг тұтқындары жайлы көпте-

герілеу. Серпіліс. Жаңару», «Көшбасшы арулар» «Берік отбасы – берік мемлекет», «Елінің елеулі азаматтары» т.б. музейлік жобалардың авторы. Сонымен қатар, бірнеше интерактивті экскурсиялар мен бейнеслайд, тарихи тұлғалар мен аңыздардың, «Теректі Әулие» археологиялық кешенінің, репрессия құрбандарына арналған телевизиялық бағдарламалар циклы, табиғат туралы ертегілер, театр әртістерінің жанды дауыстарымен бейнеленген шығармашылықтардың да иесі. Зула Супьянкызы «Ауған оты шаршылған», «Жүрек жарасы», «Мейірімділік жолымен 50 жыл» кітаптары мен арнайы музей ұжымымен дайындалған археология, тарихи ескерткіштер мен этнография туралы буклеттердің авторы болды.

Оның театр әртістерінің сүйемелдеуімен жасалған тарихи тұлғалардың дауыстары «дауыс пен жарық» түрлі-түспен жарықтандырылған интерактивті экскурсиялары, табиғат туралы ертегілері, слайдфильмдері, музей қызметкерлерінің және театр әртістерінің қабысуымен қойылған тарихи сахналық қойылымдары бар.

Зула Супьянкызы – «Ауғандар от кешкендер», Ұлы Отан соғысының ардагерлері жайлы «Жүрек жарасы», «Жанданған тарих іздері» атты музейлік кітаптың, «Көптілті Жезқазған: 25 жетістік тарихы» кітаптарының редакторы және орыс тілінде жазылған мәтіндердің авторы.

Зула Чумакова Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің жанынан құрылған шешендік өнерге, лекторлық шеберлік өнеріне, психологиялық қарым-қатынас, дауыс қою, диалог, экскурсия жүргізудің қыр-сырын үйрететін екі жылдық «Музейлік шеберлікке баулу мектебінің» ұйымдастырушысы әрі оқытушысы болды.

Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, Қазақстан халықтары алғашқы форумының делегаты, зерттеуші және мәдениеттанушы, ақын және жазушы Зула Супьянкызы Чумакова, Балалар үйінің және №3 Қарағанды облыстық спорт мектеп интернаттың тәрбиеленушісі – оқу орнының қабырғасынан шыққанда қолында тек қана мектеп формасы мен сіңіс халаты салынған кішкентай түйіншегі бар үлкен емсеге алғаш қадам басқан жас қыз болатын.

Осыдан 51 жыл бұрын Қарағанды машинақұрылыс зауытының кәсіподағына барып, темір жолшылық пен қан жүргізушілікке алуын өтініп сұраған болатын. Ата-анасының камкорлығынсыз қалған жұдырықтай қызыл жағдайын түсінген кәсіподақ қызметкерлері оны темір жолшылыққа оқушы ретінде жұмысқа алып, жатақхана беріп, тамақтандырып қанаттарының астына алады.

Еңбекке етене араласқан ол ұжыммен тез тіл табысып, кәсіби мандықтың қыр-сырын үйренді. Өмір мектебінен бекер өтпегі.

Зула Супьянкызы, ата-анасының Солтүстік Қазақстан, Қазақстанға жер аударылып, айдауда жүрген

ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ ХАБАРЛАЙДЫ ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРІС ЕНСЕ...

ҚР «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Заңның 14-1 бабында көрсетілген талаптарға сәйкес жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу көрсетілген.

Біріншіден, заңды тұлға жарғыға (ережеге) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылданған күннен бастап бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша өтініш береді. Өтінішке, электрондық өтініш беруді қоспағанда, заңды тұлғаның мөрімен бекемделген, құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңды тұлғаның уәкілетті органының шешімі не шешімінен үзінді көшірме, сондай-ақ заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың мәтіні қоса беріледі. Бұл мемлекеттік тіркеу заңды тұлғаның орналасқан жері өзгерген, жарғы (ереже) жаңа редакцияда қабылданған жағдайларда жүргізіледі.

Заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу үшін тіркеуші органға: Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша өтініш; заңды тұлғаның мөрімен бекемделген, заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңды тұлғаның уәкілетті органының шешімі не шешімінен үзінді көшірме; заңды тұлғаның мөрімен бекемделген заңды тұлғаның енгізілген өзгерістер мен толықтырулар бар құрылтай құжаттарының екі данасы не құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың мәтіні; енгізілген өзгерістер мен толықтырулар бар, нотариат куәландырылған жарғы (ереже) не акционерлік қоғамның жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың мәтіні; акционерлік қоғамдарды қоспағанда, заңды тұлғаның бұрынғы құрылтай құжаттарының төлнұсқалары; нақты орналасқан жерін (орналасқан жерін өзгерткен жағдайда) растайтын құжат ұсынылады.

Заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеуден бас тарту екі жағдайда жүзеге асырылады. Біріншісі, енгізу тәртібі бұзылған, құрылтай құжаттары (ереже) Қазақстан Республикасының заңына сәйкес келмеген кезде іске асырылады. Ал екіншісі, сот актілері және сот орындаушылары мен құқық қорғау органдарының қаулылары (тыйым салулары, қамауға алулары) болған жағдайларда жүзеге асырылады. Мемлекеттік тіркеуден бас тартылған жағдайда, тіркеуші орган оған ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасы заңнамалық актісінің талаптарына сәйкес келмейтіндігіне сілтеме жасалған уәжді бас тартуды ҚР «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Заңның 9-бабында көзделген мерзімдерде береді.

Жезқазған қаласының ауданаралық әділет басқармасы



қалалық Қоғамдық Кеңестің мүшесі еді. Он жыл бойы Жезқазған облыстық «Вайнах» шешен және ингуш қоғамдық-мәдени орталығына жетекшілік етті. Ширек ғасыр Жезқазған қалалық шығармашылық зиялы қауым өкілдері клубын басқарып, «Дидар» телерадиосындағы «Творчество» телевизиялық бағдарламасының авторы әрі жүргізушісі болды.

Ақын, жазушы, публицист, музейтанушы, мәдениеттанушы болған Зинаида Чумакова – Қазақстан жазушылар Одағының және Москва қалалық ұйымы Ресей жазушылар Одағының, ҚР Журналистер Одағының мүшесі, Константин Симонов және Гавриил Державин атындағы халықаралық әдеби сыйлықтардың лауреаты, Магомед Мамакаев атындағы «Алтын қыран» орденінің иегері. Оңға тарта проза және өлеңдер кітаптарының авторы.

Өлеңдері қазақ, шешен, украин, поляк, чех, беларусь тілдеріне аударылған. Олардың көбісіне ән жа-

ген авторлық телевизиялық бағдарламаларын дайындады.

Зула Чумакова қазақ мәдениетінің дамуы мен қалыптасуына, ұлттық рәсімдер мен салт-дәстүрлерін насихаттауда, өнерімздің шығармашыл зиялы қауым өкілдерін танытуда өзінің көптеген үлесін қосты.

Оның бастамасымен қазақ халқының бай мәдени-рухани мұраларын насихаттайтын танымал айттыскер ақындардың, жыршы-термешілердің шығармашылық зиялы қауым өкілдерінің кейіпін сомдайтын телебағдарламалар шығарылды. Оның зерттеу жұмыстары Отанына лайықты еңбек сіңірген Абайдың, Шәкәрімнің шығармашылығына, сал-серілердің өнеріне, өңірдің танымал кен байытушылары мен металлургиялық терің, алғашқы құрылысшыларын, ұстаздары мен дәрігерлерін танытып, насихаттауға арналды.

«Қошеге есімі берілген тұлғалар», «Тарих тұғырындағы есімдер», «Ауылым-алтын бесігім», «Л-

зобалаң жылдары қазақ жерінде дүниеге келіп, Отанын және бақытын осы елден тапқандығын, жан шұағымен жылытып қоймай, атақоныстарынан пана сыйлаған қазақ халқына ғұмыр бойы алғысын шексіз екендігін, мұндай дәрежеге, жетістікке жетуі тек қана осы елде ғана жүзеге асқандығын зор ықыласпен айтып отыратын. Ол еңбекте де, шығармашылықта да, өзінің аңсаған арманына, мақсаттарына қол жеткізіп, тағдырына дән риза болды.

Зула Супьянкызы Чумакова Қазақстан Республикасының шын патриоты, мейірімді, еңбеккер, адал жан еді. Оның ерен еңбегі мен жарқын бейнесі біздің жадымызда мәңгі сақталады.

Раушан ҚАПАРОВА, Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің директоры

ЖЕЛІГЕ ШОЛУ

ӘКІМДІК МАҢЫ НЕГЕ ЛАС?

«Әкімдік маңы адам көргісіз халге қалай түсті?». Арнайы мониторинг тобының мүшесі Ринат Бикаев дүйсенбі күні түнде өзінің «Facebook» әлеуметтік желісіндегі парақшасына осы туралы жазғаны сол еді, желі қолданушылары да сыни пікірлерін жаудырып, лал қойды. Сыңға себеп – әкімдік ғимараты артындағы жылу магистралі құбырының жей-қуы.

Ашық-шашық жатқан құбыр кім-кімнің болсын көзіне бірден түсіп, оғаш көрнері анық. – Есенберлин көшесіндегі 3-үй мен әкімдік ғимараты арасында диаметрі шамамен 800 мм болатын №11 жылу магистралі өтеді. Бұл магистраль арқылы қаланың тең жартысына жылу беріледі.

Магистральдің тек осы бөлігінің өзінде құбыр үш жерден жарылған. Ол маңдағы иістен тіпті жиіркенесің. Бұл өліп қалған жануардың иісі болуы да мүмкін. Екі жылдан бері ашық жатқан құдықтың өзі бөлек әңгіме. Бұл жерге адамдар түсіп, мертікпесіне кім кепіл?! – дейді ол. Пост авторының жазуына, аталған



мекен-жайдағы тазалық мәселесі де көңіл қоншптейді. Желдегі жазба астына пікір қалдырған №3 үйдің тұрғындары да: «Нәжіске толған бұл маңда, әсіресе, кішкентай балалар көп ойнайды. Айналасы құл-қоқыстанып, әбден ластанған осы аймақты тазарту соңшалықты қиын жұмыс емес қой» деп қынжылууда.

Соңғы кездері қаламыздың тазалығына жиі ескерткіштер айтылып жүргені

белгілі. Әдетте Жезқазған қаласы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімдерінің қызық мәселесіне келгенде тұрғындар мәдениетінің төмендігін алға тартып, кінәні халықтың өзіне артып қоятын. Ал, мына жағдайға қатысты коммуналдық шаруашылыққа жауаптылар қандай уәж айтар екен?

Желідегі жазбадан соң жауапты мекемелер аталған аймақты тазартқан болыпты. Бірақ, жұмыстың қаншалықты сапалы атқарылғанын сөйсебінің кешінде түсірілген мына суреттерден қорға аласыздар.

Ақинет ТАҒЫБЕРГЕН

АЙТАЙЫН ДЕП АЙТПАЙСЫҢ...

ӘДЕМІ АЛАҢҚАЙДЫҢ СЫЙҚЫН АРАМШӨП БҰЗЫП ТҮР



Осыдан екі жыл бұрын Мир даңғылы мен М.Жәлел көшесінің қиылысындағы үйіміздің сырт жағындағы бос жатқан аумақ абаттандырылып, кішігірім демалыс орны жасалды. Бұрын шаңы шығып жататын жерге тротуар төселіп, орындықтар орнатылды. Тіпті, әкімдік орындықтардың арқасына темірден арнайы тұсауыштар да ойластырыпты. Қуандық. Алайда, қуанышымыз көпке созылмады.

Екі жылдың ішінде ол жерден гүл көрмедік. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөліміне бірнеше рет хабарласып та көрдік. «Гүл көрем бе? Болады!» деп уәдені үйіп-төккен жауапты мамандардың сөзіне сенуден қалдық бүгінде.

Биылғы картина тіпті бөлек. Ал-қызыл гүлдерді армандап жүргенде кісі бойымен бірдей арамшөпке тап болдық. Жаз болса, аяқталуға айналды. Бірде-бір жауапты мекеме көзге оғаш көрінетін ол шөпті жұлдайын демейді. Арамшөп көшенің сыйқын қашырып қана қоймай түрлі зиянкестердің, ауру қоздырғыш зәндіктердің ортасы екенін айтып жатудың өзі артық. Жасыл желектерді қурастырып, суаруға су таппай жатқанда арамшөп айналасындағы ағаштардың көктеуіне де мүмкіндік бермейтіні белгілі.

Жезқазған – ауыл емес, қала. Алайда, қала мәдениетінен күн сайын алыстап бара жатқандаймыз. Қаланың шеті емес, әкімдіктің іргесі, Мир даңғылының бойында осындай жағдай болып жатқанда, шеткері аудандардағы жағдайды ойға алудың өзі қолайсыз.

Диана ОРАЗАЛИНА



ҮЗДІКТЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Жыл сайын елімізде тамыздың үшінші жексенбісінде Спорт күні атап өтеледі. Аталған мереке аясында жезқазғандық спортшылар да ұмыт қалмады. Салауатты өмір салтын ұстанып, ел намысын қорғап жүрген жерлестерімізге қолдау көрсету мақсатында қала әкімінің орынбасары Қайрат Бананов жезқазғандық спорт тарлауының марапаттады.



Шара барысында мысты шаһар спортының дамытуға қосқан көпжылдық еңбегі үшін берілетін жоғары марапат – Жезқазған қаласының Құрмет грамотасы Асхат Абиулин мен Константин Уткинге табысталды. Одан әрі мектеп және колледж лигалары бойынша топжарғандар анықталды.

Мектеп лигасы бойынша I орын № 13 ЖОББМ-не, II орын № 8 қазақ гимназиясына, III орын № 1 ЖОББМ-не бұйырды. Ал колледж лигасы бойынша I орынды Жезқазған индустриялық-гуманитарлық колледжі, II орынды Жезқазған гуманитарлық колледжі, III орынды Жезқазған бизнес және көлік колледжі иеленді. Жүлделі орындарға не болған барлық мектеп және колледж басшыларына Алғыс хаттар мен 80 000 теңгелік, 50 000 теңгелік және 30 000 теңгелік сертификаттар табысталды.

Спорттың қай саласында болсын жеңіс тұғырынан көрініп, аймағымыздың ғана емес, еліміздің көк байрағын желбіретіп жүрген спортшылар арасынан үздіктерді анықтау оңайға түспегені анық. Былғы жылы жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан жас боксшы Анита Адишова олимпиадалық спорт түрлері арасында «Жылдың ең үздік спортшысы» атанса, «Жылдың үздік бапкері» атағын Айдар Сайдалиев қанжығасына байлады. Ал олимпиадалық емес спорт түрлерінде «Жылдың ең үздік спортшысы» атағына Бекзат Ермеков, «Жылдың үздік бапкеріне» Елдос Қайсар лайық деп танылды. Үздіктерге 100 000 теңгелік сертификаттар қоса берілді.

Мағжан ӘБДІРАХМАНОВ

Әйел – балалар панасы, әйел – отбасы шамшырағы, сонымен қатар, әйел – саясаткер, әйел – билеуші, әйел қошбасшы да бола алады. Бүгінде ерлер мен әйелдердің теңдігі әжайлы жері айтылады. Шыңдығында, қырық шырақты әйелдің ерлерден кем түспейтіні даусыз. Ал, мұны құжат жүзінде бекіткен гендерлік теңдік мәселесінде Қазақстан да шет қалмады.

ӘЙЕЛ ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛАДЫ

Гендер дегеніміз – ерлер мен әйелдердің мінез-құлқы, сондай-ақ, олардың арасындағы әлеуметтік өзара қарым-қатынасты айқындайтын, олардың әлеуметтік және мәдени нормалары мен ролдерінің жиынтығы. «Gender» сөзі ағылшын тілінен аударғанда жыныс (еркек, әйел) дегенді білдіреді. Ал гендерлік саясат дегеніміз – өмір құндылықтарының барлық саласына қатысты ер мен әйел арасында теңдік орнатуға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық іс-әрекеттер. Гендерлік саясат туралы қоғамдық өмірдің барлық салаларында ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізуге бағытталған мемлекеттік және қоғамдық қызмет. Гендерлік саясат туралы қоғамда сан түрлі пікірлер бар. Біреуі мақтаса, біреуі дағдарған жатады.

Мысалы, еңбек нарығында орын алатын дискриминацияны алайық. Жұмысқа қабылдау кезінде әйелдер соңғы орында, ал, жұмыстан шығару кезінде бірінші кезекте тұрады. Нақты бір мамандықтар немесе лауазымдар шеңберіндегі дискриминация ретінде әйелдердің жұмысты орындауға қабілеттілігі бар болғанына қарамастан, нақты бір қызмет түрімен, лауазиммен немесе мамандықпен айналысуына шектеу қою немесе тыйым салу, кәсіби карьера қызмет бабы бойынша көтеру кезіндегі дискриминация әйелдердің қызмет бабы бойынша өсуіне шектеу қою түрінде көрініс табады. Демек, гендерлік саясат еңбек нарығы қызметімен тығыз байланысты.

Қорыта келгенде, гендерлік саясат – әйелдердің теңдігі және оларды кемсітуге жол бермеуді заң жүзінде бекітудің тәжірибелік құндылығы. Бұл әйелдер құқығын іс жүзінде пайдалануға мүмкіндік береді. Ал, әйелдер қоғамдық жұмысты да атқарып, отбасына да қажетті деңгейде уақытын бөліп, балалар тәрбиесімен де айналыса нұр үстіне нұр. Осы тұрғыда қазақ халқының «Әйел бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» деген әдемі даналық сөзі еріксіз ойға келеді.

Медет ӘЙМЕНОВ,
Қарағанды облысы №2 қамалетке
толмағандардың істер жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық
сотының бас маманы



Қала халқының алаңсыз ем алуы үшін Жезқазған қалалық көпбейінді ауруханасының материалдық-техникалық базасы толықтырылып жатыр. «Nur Otan» партиясы мен Жезқазған аймақтық кәсіпкерлер мен өнеркәсіпшілер қауымдастығының бастамасымен «Қазақмыс» корпорациясы және «Ютария Ltd» өндірістік-инновациялық компаниясы аурухана ұжымына әсіресе бес су-жылытқыш, екі кір жуғыш машина және әсіресе тоңазытқышты сыйға тартты.

ЖАЛҒАСЫН ТАПҚАН ЖАРҚЫН ІС



– Жер бетінің басты байлығы адам болса, адамзат баласы үшін ең қымбат нәрсе ол – денсаулық. Расында, ештеңеге сатып ала алмайтын асылымыздың қадірін ауырғанда ұғынып жатамыз. Әлемді жайлаған пандемия біздің еліміз үшін де оңайға соқпады. Қаншама адам жақындарынан айрылып, қайғыға батып, Осы тұста бастарын

қатерге тігіп, еш қаймықпастан ауруға қарсы күрескен жезқазғандық дәрігерлерге айтар алғымыз ерекше. Сіздердің еңбектеріңіздің нәтижесінде қиындықтарды дер кезінде еңсере алдық, – деген «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы партиялық бақылау комиссиясының жетекшісі Раушан Қожабаева ауыр індеттің бетін қайтаруда

дәрігерлердің еңбегі зор екенін алға тартты. Жоғарыда аталған тұрмыстық техниканы қуанышпен қабыл алған аурухана ұжымы көмек қолын созған демеушілерге ризашылығын жеткізді. Осындай қолдау Сәтбаев қаласында да жалғасын тапты.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН



ЖАҚСЫ СЫЙЛЫҚ ЖАН ЖАДЫРАТАДЫ

Сыйлық алғанды жақсы көресіз бе? Әдепкерсіңізге сыйлық сыйлап, өзгені қуанту мақсатына қарай ма? Расында, сыйлықты ұнатпайтын жан жоқ шығар. Десе де «Ине де – сыйлық, інген де – сыйлық» деп көрінген затты сыйлай беруге болмайтынын естен шығармағаныңыз абзал. Бұл жерде айтпағым – сыйлықтың құны әжайлы емес, оның мәні мен маңызы.

«Әр елдің салты басқа, итері кара қасқа» дегендей әрбір халықтың сыйлық мәселесінде келгенде ұстанатын өзіндік қатаң қағидаттары бар. Тоқталар болсақ, Еуропа елдерінде орман немесе ботаникалық сыйлау – жаман ырым. Яғни, бұл елдерде орман – көз жасының символы іспетті. Ал Францияда күйеуі бар әйелге әтір сыйлау ең үлкен әдепсіздік болып саналады. Дұрысы – хош иісті құттығын беріп жок аруларға немесе өз әйеліңізге сыйға тартыңыз. Германияда кенес тауарларын сыйға тартуға болмайды. Әсіресе, біздегідей қойын дәптерін сыйлаудан аулақ болыңыз. Әр секундтың жете қадағалайтын немістер үшін қойын дәптерін сыйға алу – оны тиянақсыз, ұқыпсыз деп айтыптанған пара-пар. Ал Қытайда қыз-келіншектерге ақ және сары түсті гүлді ұсынбайды. Олар үшін бұл түстер – қайғының белгісі. Тере берсек, бұндай мысалдар жетіп артылады. Бұндай ырым-тыйымдарды өз халқымыздың дәстүрін де байқауға болады.

Мысалы, қазақ халқы жақынына пышақ, қанжар сынды құралдарды сыйлауға тыйым салған. Аса қажеттілік туындаса оның ақшасын берген. Бұның мәні – туыс-туған, жора-жолдаспен аран бөлінеді, қырық пышақ болып, құтан қапалды деген түсініктен туындаса керек-ті. Ұлтымыз аяғы ауыр әйелге бесік және баланың киімдерін сыйламаған. Бұл – алда болары Аллаға ғана аян деп іштегі баланы жамандықтан сақтау ниетінен туындаған. Осы тұрғыда психолог мамандардың сыйлық таңдау кезінде қандай ерекшеліктерге мән беру керектігін сұрастырған едік. Солардың бірқатарын назарларыңызға ұсынғанды жөн көрдік.

Сол себепті әркім өз айнасын өзі таңдауы керек. Сыйлыққа әмиян алмақ ниетіңіз болса, қызғылт түсін таңдаңыз және ішін бос қылмай, ақша салып беріңіз. Көп елдерде сағат сыйлау да – жаман ырым. Әсіресе, ғашықтардың бір-біріне сағат сыйламағаны жөн дейді. Бұл ырымның екі жағы бар. Бірі – сағат адамның ғұмырын санап тұрады, оның соңғы демі қалған күнді жақындатады десе, екіншісі – сағат ұрыс-керіске себепкер деп есептеледі. Галстук сыйлаудан да қашық болыңыз. Ел арасында, галстук сыйлық алушының өзіне тәуелді ету мақсатында тарту етіледі деген жағымсыз пікір қалыптасқан. Сонымен қатар, құс бейнелі сувенирлер мен картиналардан да аулақ болыңыз. Ол – жақын арада жақыныңан айрыласың дегенді білдіретін көрінеді.

Тере берсек сыйлыққа қатысты тыйымдар шын жетерлік екен. Десе, де шын көңілімен сыйлыққа тең келер ештеңе жоғы анық емес пе?!

Ай СҮТІР

ЭКОСОФИЯ

Адыраспан хикаясы



Төрт шадырдың бірі – әзіреті Оспан әскер бастап, жорыққа бара жатады. Жолда бір жерге түнейді. Түнде жаулары тыңшы жіберіп, байлауды тұрған аттарын босатып, жан-жаққа шапыратып құады. Оспанның атының шылбыры бір түп адыраспанға оратылып қалады. Оның кісінеген даусын естіп, өзге аттардың бәрі сол араға жиналады. Оспан да серіктерін ертіп жылқының дауысы шыққан жерге келеді. Қараса барлық жылқы бір жерге үйіріліп тұр екен. Оспан адыраспанды дорбасына салып алады. Сол жорықта жолы болып, жетіспен оралады. Елге келген соң, Мұхамбет пайғамбарға болған жайды баяндайды. Пайғамбар:

– Бұл шөптің аты қалай? – деп сұрады. Оспан: – Мұны адыраспан деп атады, – деді. Пайғамбар: – Тәңірім бұл шөпті себеп қылып, бір апаттан сақтапты. Бұдан кейін де адыраспан менің үмбетіме игілікті қызмет етсін! – деп, аят оқып, шөпке дем салған екен.

Содан бері адыраспанға емдік қасиет дарыпты. Осыған орай ел ішінде: Ассаламағалейкум, адыраспан, Атыңды қойған екен Әзіретті Оспан. Пайғамбар дұғасынан нәр алған соң, Өзіңе келіп тұрмын жол алыстан, – деген сөз қалыпты.



Жарғанат неге түнде ұшады?

Есте жоқ ескі заманда Ай, Күн, Су, Жел бәрі адамға ренжіп, Төңірге арыз айтыпты. Алдымен Күн шығып: – Уа, Жасаған, мен тәнертен тұрам. Кешке дейін адамға қызмет қылам. Тіршілікті түлетем, жердің бетін жібітем, нұрымды шалып жасыл желекті гүл етем. Бірақ адамның маған алшып айтқанын көрмедім. Көңілді реніш басып, өкпелі шерге ендім. Маған демалыс бер, тынығайын, – депті. Күннен соң Ай шығып: – Мен адасқанға жол сілтедім, түнде демалып, шаршауды бімедім. Жұртқа ұйқысын күзеттім. Адамдар күн санаудан жынымасын деп, жұлдыздардың орны мен ретін түзеттім. Бірақ адам мені көзіне ілемді. Менің осы ісім алғыс айтуды білмеді. Мен де біраз тынығайын, демалыс бер! – депті. Айдан соң толқындытып су келеді. Ол да Төңірге арыз айтып бұй делі: – Уа, Жапсар Ием, мен де әділдікті сүйем. Адамның тірлігіне күйемін. Ой-қарын кезін даланың, дамыл көрмей ағамын. Жердің шаңын жуамын, елдің тәнін жуамын.

Сусаған шөлін басамын, сайдан сайға асамын. Бірақ адам осы ісіме алғыс айтпайды. Осынысы көңіліме жақпайды. Рұқсат етсең, тынығайын, – дейді. Судан соң өкпек жел келді. Ол да адамды сөгip желеді: – Мен дамыл көрмей ел асам, бел асам, орларды үңгімін, орманға сүңгімін, даланы шарлаймын, теңізді барлаймын. Өлкемді төтелеймін, желекенді жетелеймін, толқынды ойнатамын. Бұлты қуып, жерге жауын сыйлаймын, елге зәуім сыйлаймын. Егер мен болмасам, адамзат аптап ыстыққа шыдамаса еді, бастарын бірге құрамас еді. Мен самал болып есемін, сағым болып көшемін. Бірақ алғыс алған күнім жоқ, сондықтан да мұным көп, – дейді. Жапсар Хақ олардың мұнын тыңдап, барша мақұлықты жинап: – Кімнің қандай ойы бар? Әділін айтып, мойындар, – деді. Ешкім ләм демеді. Кенет, бір жарғанат ұшып келеді. Ортаға шығып, көз жасын сығып: – Уа, Жапсар ием, егер Күнімсіз сөнсе, үнімсіз өшпей ме? Жарымыз бітпей ме? Адамзат жер сипалап, аң біткен адашпай ма? Қыс бағдарынан жаңылып жарға соқпай ма? Гүл қуарып, жер суалмай ма? Ай батса ше? Жыл мезгілінен адашып, теңіз ретсіз тасымай ма, көл ретсіз көлмей ме? Сапырылған тірлік орнап, саналы сәттен қол үзін қалмаймыз ба? Су тартылса не болмақ? Бұлқынты сұлдырынан айрылар едік, қанатымыз қайрылар еді.

Кімшылсыз сусап жатар едік, бір тамшы суға көзімізді сатар едік? Жел тынса ше? Бір жерден тұман арылмай, бір жерден тамшы табылмай, бір жерге бұлт үйіріліп, бір жерге суық шүйіліп, жылжымай жатар еді. Пенделерді аяй гөр! – депті. Жарғанатқа жарғанаттың сөзі ұнан: – Өй, Күн мен Ай, Жел мен Су, баяғыдай қызмет етесің! Сендерді тірлікке тірек, адамға керек етіп жаратқан. Содан танбаңдар! – депті. Күн, Су, Жел үшеуіне жарғанаттың сөзі жақпапты. Ішке кек сақтапты. – Көзіме түссен, күйдіремін, – депті Күн. – Маған тап болсаң, дауылмен қуамын, – депті Жел. – Мен сені тұншықтырып, теренге бағырамын, – депті Су. Ай ғана үнісіз қалыпты. Жарғанат қатты сасыпты. Қорқып, қатты қашыпты. Тәңірі оған жаны ашып: – Күн көрінбей, көз байланған шақта, Судан жырақта, Жел кіре алмас тұрақта өмір сүресің! Аштан өлмес үшін көк емшек беремін. Бірінде сүт, бірінде су болады. Соны ішіп күнелтесің! – депті. Содан бастап жарғанат Күннің көзіне түспей қараңғыда шығыпты. Желден қашып үңгір мен қуыстарға бұғыпты. Суға жолаудан үмітін үзінтіп. Осылайша жарғанат өзін құрбан етіп, адамға жақсылық еткен екен.

«Экософия» кітабынан

Infographic titled 'КОРОНАВИРУС ЖҰҚПАСЫНЫҢ АЛДЫН-АЛУ ҮШІН 7 ҚАДАМ' (7 steps to prevent coronavirus infection). It includes icons and text for: 1. Даладан келе сала, бәгдіе адамдармен қарым-қатынасқа түскеннен кейін қолыңызды сабынмен мұқият етіп жуыңыз. 2. Қоғамдық орындарда бір рет пайдаланатын медициналық бетпердені қолданыңыз, сонымен қатар ӨР 2-3 сағат сайын ауыстырып отырыңыз. 3. Гаджет, кенес техникасы мен қолданатын беттерді дезинфекциялаңыз. 4. Қоғамдық орындарға (осқ, спорт және ойын-сауық шаралары, кептеліс кезіндегі қоғамдық көлік) барудан аулақ болыңыз. 5. Амадасқанда құшақтасу мен қол-алдысуды шектеңіз. 6. Коронавирус жұқпасы болуы мүмкін адамдармен жақын байланыстан және бір үй-жайдан аулақ жүріңіз. 7. Жеке гигиеналық құралдар мен ыдыстарды қолданыңыз.

Advertisement for 'CORONA VIRUS2020/KZ'. Title: 'Коронавируспен қайта ауыру мүмкін бе?' (Is it possible to get coronavirus again?). Text: 'Әлемдік статистикаға қарасақ басқа елдерде де қайта ауыру тіркеліп жатыр. Сол себепті иммунитетті көтеріп, жаттығуларды жасап өз денсаулығын қолға алу қажет. Дәрі-дәрмекті негізсіз пайдалану иммунитетті әлсіретуі мүмкін. Егер ауырмай жатып антибиотикті профилактикалық түрде өз бетімен пайдаланып жатса одан иммунитетін түсіріп алады.' (Worldwide statistics show that in other countries, reinfection is also occurring. Therefore, it is necessary to strengthen the immune system, do exercises, and use antibiotics prophylactically on your own without a doctor's prescription, as this can weaken the immune system.) Author: Рысқұл Пернебекова, Дәрігер терапевт. Contact: @coronavirus2020_kz.